

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

БАЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

5-СЫНЫП

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

1-бөлім

Көкжиек-Горизонт
2017



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова,
Қ. С. Жайлаубаева

Ғылыми кеңесшілер:

Әмірзақ Айтбаев — филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының академигі,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті

Әділ Құрманжанұлы Ахметов — филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ресей Ҙоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының академигі, Ҙоғары
оқу орындары Еуропалық қауымдастырылған атқарушы кеңесінің мүшесі

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған. 1-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ.С. Жайлаубаева. — Алматы: Қекжиек-
Горизонт, 2017. — 132 6.

ISBN 978-601-7832-35-3

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-34-6
ISBN 978-601-7832-35-3 — (1-бөлім)

© «Қекжиек-Горизонт» ЖШС, 2017

«Көкжиек-Горизонт» баспасы

Күрметті жас дос!

Сен қазақ тілінің «Балапан» деп аталатын бөлімін аяқтап, енді «Бәйшешекке» аяқ бастың. «Бәйшешек» сөзі қазақ ұғымында «сену, достық, адалдық», тазалық дегенді білдіреді. Халық өз ауласында аппақ әдемі бәйшешек гүлін өсіруді «жақсылықтың нышаны» деп есептеген. Бәйшешек көктемде қар кете салысымен өсіп шығатын гүл екенін өзің де білесің. Ол қыстың әлі кете қоймаған ызғарынан қорықпай, көктемді шақырады. Ол — ерліктің символы. Бәйшешек адамдардың бойына жылдылық дәнін себуге асығады. Олай болса, сен де қазақтың ойлы, мазмұнға бай сөзін көкірегіңде, жадында сақтап, асқақ армандарға жетесің; адам жанын түсінесің; қоршаған ортаның, табиғаттың құпия сырын ұғасың, қазақ тілін меңгеру арқылы айналандағы адамдарға ізгіліктің, жылдылықтың нұрын себесің. Тілді білу арқылы сенің танымың кеңейеді, эстетикалық талғамың өсіп, сұлулық пен әсемдіктің асқақ құдіретін түсінесің.

Бұл оқулық сені айналандағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, пікірле-суге, сауатты жазуға, дұрыс, әсерлі сөйлеуге үйретеді.

«Бәйшешек» сабактарында сен қазақ халқының әдебиетімен танысасың. Тіл мен әдебиетті қатар меңгересің. Сені қызық тапсырмалар күтеді: қазақша сөйлей білу-ге, пікіріңді дәлелдеп айтуда үйренесің; ақын-жазушылардың шығармаларымен танысасың, мақал-мәтел арқылы ойынды түйіндең жеткізесің; дербес, жұптық, топтық тапсырмаларды орындаңың. Тілдік жаттығулар ойлануға, өз бетіңмен жаңа сөйлемдер құрай білуге көмектеседі. Оқулықтағы түрлі тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, қоршаған ортаңды танып, өз ойынды еркін жеткізу-ге, сырынды бөлісуге көмектеседі.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындаі отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терең меңгерсөң, қызық шығармалар оқысаң, жұмбақ шешсөң, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсөң, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

Қазақ отбасының дәстүрлері

1–2
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС


ЖАҢА СӨЗДЕР

дәстүр, кеңес беру, қамқоршы,
құрметтей

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Бірінші диаграммаға отбасымен байланысты туыстық атауларын екінші диаграммаға «Қандай отбасы?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Диаграмманы пайдаланып, өз отбасың туралы мәтін құрап жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Өлеңді мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңдегі туыстық атауларды тауып, олардың мағынасын анықта. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тату болса, ағаң жақын,
Ақылшы болса, әпкең жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Алдыңа тартқан адал асын
Қимас жақын — қарындасын.

Еркелейтін немерен жақын,
Өз үрпағың — шөберен жақын.
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың — әкең қымбат,
Тұып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат!

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Диалог. Жағдаят: Бір-біріңмен пойызда кездестіңдер. Амандасыңдар, танысыңдар. Өз отбасыларың туралы диалог құрыңдар.


ОҚЫЛЫМ

ТІЛДІК БАҒДАР

ТӘҮЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ЖЕКЕШЕ ТҮРІ

Жақ	Оңаша тәуелдеу	
1-жақ	Менің	-м, -ым, ім отбасы +м, ана +м, әксе+м, доб+ым, іні+м
2-жақ	Сенің	-ң, -ың, -ің, -ің отбасы + ң, ана+ң, әксе+ң, доб+ың, іні+ң
Сыпайы түрі	Сіздің	-ңыз, -ыңыз, -ініз отбасы+ңыз, ана+ңыз, әксе+ңіз, доб+ыңыз, іні+ңіз
3-жақ	Оның	-сы, -сі, -ы, -і отбасы, ана+сы, әксе+сі, доб+ы, дос+ы, іні+сі

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

Сәлем, достар! Менің атым — Әлібек. Мен сендерге өз отбасымды **тәнисстырымын**. Бұл — менің отбасым. Менің отбасым да басқа қазақ отбасылары секілді үлкен. Менің отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ағам, інім, қарындасты бар. Бәріміз бірге тұрамыз.

Қазақ отбасының жақсы **дәстүрі** көп. Олар: жасы үлкен адамға **жол беру, төрге отырғызу, қарсы сөйлемеу, қызды сыйлау**. Үлкендер жасы кішілерге **қамқоршы** болады, кеңес береді, ақылды болуды үйретеді.

Қазақ отбасында жасы үлкен адамды ерекше құрметтейді. Әкем маған: «Үлкенді құрметте, кішіге қамқор бол!» — дейді. Мен де атам мен әжемді, әкем мен анамды, ағамды құрметтеймін. Ал ініме, қарындасыма көмектесемін.

Қазақ халқы ежелден үл бала мен қызы баланың **тәрбиесін** бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, **қолөнерге**, ақша табуға, қызы баланы ас пісіруге, кесте тігуге, **өрмек тоқуға** үйреткен.

Қазақ дәстүрі бойынша, үйде, көшеде ер адамдар бір-біріне қол беріп амандасады. Жасы кіші адам үлкенге: «Ассалау мағалейкүм!» — деп амандасса, үлкендер: «Уағалейкүмсалам!» — деп жауап береді. Ал мектепте, қоғамдық орындарда ер адаммен де: әйел адамдармен де «Сәлеметсіз бе!» — деп амандасады.

Адамдарды тәнисстырығанда үлкенге кішіні, әйел адамға ер адамды бірінші тәнистырады. Ондай кезде: «Танысып қойыныздар», «Таныстыруға рұқсат етіңіздер!» — деп айтады.

Мен өз отбасымды жақсы көремін, қазақ отбасының дәстүрлерін **құрметтеймін, сақтаймын**.

- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді сөздік дәптеріңе аудармасымен жазып ал.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіндегі тәуелдік жалғауы
жалғанған сөздерді теріп жаз.

Улғи: отбасы + м

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтіндегі
ақпараттың
дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Әлібектің отбасы үлкен.		
Қазақ отбасында жасы кішілерді ерекше құрметтейді.		
Қазақ отбасында жақсы дәстүр көп.		
Ата-анаы Әлібекке ақылды болуды үйретті.		
Әлібектің қарындасы жоқ.		
Ұл бала мен қызы баланың тәрбиесін бөліп қараған.		
Әлібек үлкендерге әрқашан кеңес береді.		
Әлібек өз отбасының дәстүрін құрметтейді.		

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Қазақ отбасында қандай дәстүрлер бар? «Кім не істейді?» сұрағына жауап жаз.

Үлкендер:

—
—
—

Жасы кішілер:

—
—
—

Ұл бала:

—
—
—

Қыз бала:

—
—
—

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтін бойынша бес сұрақ құрастырып жаз. Парталас досын екеуін бір-біріңін сұрақтарыңа жауап беріңдер.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Берілген сөздерді жекеше түрде тәуелдеп айт: әже, ана, ұл, қыз.

Үлгі:

Жекеше

1-жақ	Менің әжем, анам
2-жақ	Сенің ...
3-жақ	Сіздің ...

Жекеше

1-жақ	Менің ұлым, қызым
2-жақ	Сенің ...
3-жақ	Сіздің ...

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

«Әлібектің отбасы» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) жаз.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім.
2. Бірінші зат есімге — екі анықтауыш.
3. Бірінші зат есімге — үш етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Бір зат есім — метафора (бірінші жолдағы зат есімге назар аударатындей).

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.

«Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Әр торға кімнің отбасында неше адам, кімдер барын жазындар. Ол үшін сыныптастарыңан барынша көбірек сұрастыруға тырысындар. Тәуелдік жалғауларын қолданындар.

Отбасында екі адам бар. Олар: <i>акеси</i> ,	Отбасында төрт адам бар. Олар:	Отбасында үш адам бар. Олар:	Отбасында бес адам бар. Олар:
--	--------------------------------	------------------------------	-------------------------------

ЖАЗЫЛЫМ

13 -тапсырма.

Толықтырып жаз.

Амандасты сөздері: _____

Таныстыру сөздері: _____

Қоштасу сөздері: _____

ЖАЗЫЛЫМ

14 -тапсырма.

«Досыммен танысыңыз» тақырыбында қажетті сөз орамдарын қолданып, үш адамның диалогін жаз. Диалог 12—14 үнқатымнан тұрсын. Қазақ тіліне тән сөз орамдары қолданылсын.

АЙТЫЛЫМ

15 -тапсырма.

Отбасыңың суретін сал не фотосу-реттерін алып келіп, сыныпқа таны-стыр. Қажетті сөз орамдарын қолдан. Тәуелдік жалғаулы сөздерді қолдан.

АЙТЫЛЫМ

16 -тапсырма.

Полилог. Жағдаят: Досың екеуің көшеде келе жатып, көрші атайды көріп қалдындар. Амандастындар, досың мен атайды таныстыр. Мәтіндегі ақпараттарды пайдалан.

ЖАЗЫЛЫМ

17 -тапсырма.

Шетелдік досыңа қазақ отбасының ерекшелігі мен дәстүрлері туралы білгеніңді айтып, хат жаз.

Кел, жаттығайық!

Менің әжем,
Менің әжем — нар әжем,
Көп жасаған кәрі әжем.
Ауырғанда
Мен үшін
Әр сүйгені — дәрі әжем.
Менің әжем — жыр әжем,
Шуағы мол, нұр әжем.

Ақ таяқта сүйеніп,
Аман-есен жүр, әжем!

Қадыр Мырза-Әлі

ЕСТЕ САҚТА!

Өзімнің отбасымды таныстырамын. Қазақ отбасының жақсы дәстүрі көп. Қазақтар үл бала мен қызы баланың тәрбиесін бөліп қараған.

Атам төрде отырауды

3—4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

төр, босаға

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

1. Үйлеріңе келген қонақты қалай қарсы аласындар?
2. Қонақтарды дастарқандағы дәмге қалай шақырасындар?
3. Дастанғанға қандай тағам қоясындар?
4. Дастанғанға шақырылған қонақтар қай жерге отырады?
5. Үй иелері қайда отырады?
6. Сен қайда отырасың?



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Дастарқан жасау тәртібін білесің бе? Ретімен жаз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

ТІЛДІК БАҒДАР

ЖАЛПЫ ЕСІМ ЖӘНЕ ЖАЛҚЫ ЕСІМ

Зат есім — заттың атын білдіретін, **кім? не?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы. Зат есімдер мағынасына қарай **жалқы есім** және **жалпы есім** болып бөлінеді. **Жалқы есім** адамның, қаланың, жан-жануарлардың, шығармалардың және т.б. атын білдіреді. **Мысалы:** *Алматы, Айару, Ақтөс*. Ал жалпы есім заттардың ортақ, жалпы атауын білдіреді. **Мысалы:** *қала, қыз, ағаш, ит* және т.б.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт. Оқы.

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

Төр — сыйлы орын

Төр — қонақбөлменің жоғарғы жағы. Ол — жасы үлкен адамдар, қонақтар отыратын сыйлы орын. Қазақ үйге келген қонақты «Төрлетіңіз!», «Төрге шығыңыз!» — деп қарсы алады. Көрпе тесеп, жастық қойып, төрге отырғызады, құрмет көрсетеді.

Қазақ халқында дастарқанға үлкендерден бұрын отыру үят саналады. Себебі алдымен ақ сақалды ата мен ақ шашты әжени сыйлап, төрден орын береді. Үлкен кісілер — көпті көрген, сыйлы кісілер. Қазақта «төріңнен қарт кетпесін» деген сөз бар. Себебі қарт тілегін айтып, батасын береді. Төрде қарттар, одан төмен жастар отырады.

Тамаққа да үлкендерден бұрын қол созуға болмайды. Ол — әдепсіздіктің белгісі. Дастиарқанда үлкендермен жарысып сөйлеу де үят саналады. Қазақ дастиарқаны дос, бауыр, туыс қана емес, кез келген адамға ашық. Қазақтар бір-бірінің үйіне барып, жиі араласқанды ұнатады. Әсіресе ата-анасын әрқашан құрметтеп, үйіне шақыру, төрге отырғызу — қазақ баласы үшін әрі міндеп, әрі парыз. Өйткені дастиарқан — жақсылықтың басы, қуаныштың белгісі.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Төр — қандай орын?
2. Қазақ халқы үйге келген қонақты қалай қарсы алған?
3. Қонаққа қалай құрмет көрсеткен?
4. Қазақ халқы төрге кімді отырғызған?
5. Қазақта қарт туралы қандай аталы сөз бар?
6. Төрде кім отырады?
7. Дастиарқанға кім бата береді?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Төменде берілген сөздердің ішінен жалпы есімдерді теріп жаз.

Төр, жасы үлкен, адамдар, сыйлы, қонақтар, қастерлі, орын, қазақ, үйге, келген, қонақты, төрлетіңіз, жастық, қойып, көрсетеді, дастиарқанға, халқында, атаны, ананы, кісілер, қарт, батасын, жастар, тілегін, ұрпағы, қындықты, әжени, ақ самайлы, көрпе, сөз, босаға.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

«Үйге келген қарт адамды қалай қарсы алу ке- рек?» тақырыбындағы диалогті толықтырыңдар.

Диалогтегі қарт кісі мен үл баланың арасындағы әңгімені әрі қарай жалғастырыңдар (хал- жағдайын сұрандар, ата-аналарың туралы әңгімелендер, дастиарқанға шақырыңдар).

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

- Ассалаумалейкүм, ата!
- Ұағалейкүмассалам, балам!
- Ата, төрге шығыңыз.
- Рақмет! Өркенің өссін, шырағым!
-
-

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

«Дастарқан әдебі» мәтініне мына суреттердің қандай қатысы бар? Дастирқан басында не істеуге болмайтыны туралы жаз.



АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Жағдаят: Шетелдік досынмен өз халқыңың дәстүрлері туралы сөйлесіп отырсындар. Ол сенен қазақ халқының дастирқан әдебі туралы сұрады. Оған қазақ халқының дастирқан әдебі туралы айт. Диалогте жалқы есімдерді қолданындар.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Ұлағатты сөздерді түсініп оқы. Негізгі ойды анықтап, шағын мәтін жаз.

Адам денесінде қарнынан өткен жаман ыдыс жоқ. Адам баласы бірнеше асап жеген тамақпен шектелсе де болады. Қажет болса, қарнының үштен бірін тамақта, үштен бірін суға, қалған үштен бірін дем алып тұруға ажыратсын.

(Хадистен)

Саулығынды тілесен, артық ішіп-жеме.

Ә. Науай

Шақтап жесен, санаңды ашар,
Артық жесен, үйқы басар.

Ф. Бэкон

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Ұлағатты сөздерден жалпы есімдерді тап. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Құрметті қонақтар!
Төрге шығыңыз!
Астан дәм татыңыз!
Бата беріңіз!

Табалдырықтың баспа!

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерді сөздермен алмастырып айт. Дәптеріңе жаз.



Күр + барыс септік отырма.



+ жатыс септік ысқырма.



+ жатыс септік санын санама.



Бір + көмектес септік үзбе.



санын санама.



ЖАҢА СӨЗДЕР

жаман ырым, тыйым сөздер, басу/баспау

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Үйде үлкен адамдардан қандай тыйым сөздерді жиі естисін, дәптеріңе жаз. Оны қалай қабылдайсың? Өз ойынды сыныптастарыңмен бөліс.

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді түсініп оқы.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Қазақ отбасындағы дәстүрлер тыйым сөздермен де байланысты. Тыйым сөздер — үлкен маңызға ие тәрбие құралы. Сондықтан қазақ халқында үлкендер жас балаларды тыйым сөздер арқылы да жамандықтан алыс, жақсылықта жақын болуға үйреткен. Қазақ халқында табалдырық — **қасиетті** үфім. Ол — үйдің сырты мен ішінің шегарасы, байлық пен кедейліктің де шегарасы. Табалдырық — бақыт пен **жақсылықтың** қарауылы. «Табалдырықты баспа, бақыт қашады», «Табалдырықта тұрма, үйге келетін жақсылықты қайтарма», «Табалдырықта тұрып, кедейлікті шақырма, жаман ырым бастама» деген тыйым сөздер жай айтылмаған.

Табалдырық — бақыттың белгісі. Табалдырығынан құтсыз адам аттаса, кедей боласын, құтты адам аттаса, бай боласың. Сондықтан жас келін алғаш табалдырықтан кіргенде, жақсы ырым жасалады. Оған шашу шашып, құт шақырып, он аяғымен: «Бісмілла!» — деп кіргізеді.

Тұрсын Жұртбайдан.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың отбасы дәстүрінде тыйым сөздер нениң құралы болып саналады?
2. Тыйым сөздер арқылы балаларды неге үйреткен?
3. Табалдырық қазақ халқында қандай ұфым болып саналады?
4. Табалдырық — нениң шегарасы?
5. Табалдырыққа қатысты қандай тыйым сөздер айтылған?
6. Табалдырық — нениң белгісі?
7. Жас келін келгенде, қандай ырым жасалады?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі өзіңе ұнаған тыйым сөздердің мағынасын аш.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой. Сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз. Мәтіндегі жалпы есімдерді тап. Сол сөздерге тәуелдік жалғауының жекеше түрін жалғап жаз.

Улgi: Қай халықта табалдырық қасиетті саналады?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сөздер мен сөз тіркесін оқып, суретті сыйбамен көрсет. Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

Төр, оң босаға, шаңырақ, сол босаға, дастарқан, сандық, есік, табалдырық.



ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтіннен алынған сөздердің антонимін тауып жаз.

қасиетті —

жаман —

атта —

сырты —

құтсыз —

оң —

төр —

жас —

кедейлік —

кіру —

ОҚЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, оқы.

Қазақ халқы... табалдырық — қасиетті ұғым. Ол — үйдің сырты мен ішінің шегара Байлық пен кедейліктің де шегарасы. Табалдырық — бақыт пен жақсылықтың қарауылы. «Табалдырық ... баспа, бақыт қашады», «Табалдырықта тұрма, үйге келетін жақсылықты қайтарма», «Табалдырықта тұрып, кедейлікті шақырма, жаман ырым бастама» деген ты-йым сөздер жай айтылмаған.

Табалдырық — бақыт ... белгісі. Табалдырығың ... құтсыз адам аттаса, кедей боласың, құтты адам аттаса, бай боласың. Сондықтан жас келін алғаш табалдырықтан кіргенде, жақсы ырым жасалады. Оған шашу шашып, құт шақырып, он аяғымен: «Бісмілла!» — деп кіргізеді.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Сөзжұмбақты дұрыс шешсөндөр, өздеріңе таныс сөз шығады. Жалпы есімді табындар.

1. Төртінші септік
2. «Бер» сөзінің антонимі
3. Қарттың алғысы
4. Үйдің берекесін, сәнін кіргізетін адам
5. Ешкінің төлі
6. Қыын кезде қасыңнан табылатын адам
7. Қиіз үйдің төбесі
8. Ризашылықты білдіретін сөз
9. Үнемі дастарқаннан табылатын зат
10. «Ақ» сөзінің антонимі.

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Сөзжұмбақтың шешуін тәуелдеп жаз.

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Жағдаят: Анаң екеуің қазақтың дәстүрі туралы
әңгімелесіп отырсындар. Тақырып бойынша диалог
құрындар. Жалқы есімдерді пайдаланындар.

1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				

ЕСТЕ САҚТА!

Табалдырықты баспа!
Босағаны керме!
Жаман ырым бастама!

«Тоқта, ботам! Атаң кеledge артыңда...»

7–8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Диалог. Төмөндегі суретке қараңдар. Суреттегі сотқар баланың әрекеті туралы сөйлесіңдер. Жалпы және жалқы есімдерді қолданыңдар.

ЖАҢА СӨЗДЕР

жарықтық, зиялы,
қалжыраган



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Бата-тілекті мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен онда не туралы айтылып тұрғанын түсін. Батаны кімнің қашан беретінін айтыңдар.

Оқуда зерек бол,
Үйқыда сергек бол!
Істе шебер бол!
Ақылға кемел бол!
Ойда мәнді бол,

Тойда сәнді бол!
Үлкенге тең бол,
Кішіге кең бол!
Өмірің ұзақ болсын,
Уайымың аз-ақ болсын!


(«Бата сөз» кітабынан)

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Актер Сәбит Оразбаевтың орындаудыңағы «Тоқта, ботам, атаң келеді артында» әнін үнтаспадан тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріндер:

- 1) Бұл әнді бұрын тыңдал пе едіндер?
- 2) Ән кімге арналған?
- 3) Бұл әннің сөзін, әнін кім жазған? Олар туралы не білесіндер?



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөздікті пайдаланып, мәтіндеңі қарамен жазылған сөздердің аудармасын тап, мағынасын анықта.

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Өлеңді тыңда, мәнерлеп оқы. Өзіңе таныс сөздерге сүйеніп, онда не туралы айтылғанын болжап айт. Өлең мәтінінен жалпы есімдерді тап. Оларды теріп жаз.

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артында!
Бұр мойныңды **қалжыраған** қарт үлға.
Сенің сәби сәттеріңің **мысқалын**
Айырбастап ала алмай жүр алтынға.

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артында!
Жүзе жүріп, жүз құбылған **сағымда**,
Жастық дейтін көктеменің шағында,
Өскен едік сенің анаң екеуміз
Осы қарттың мәпелеген бағында.

Қарттың бағын жайлайтынбыз иен тегін,
Тыңдайтынбыз алуан-алуан ертегін.
Жинап алып жүрер еді **жарықтық**
Күллі ауылдың **елтеңі мен селтеңін**.
Ей, болашақ!
Қарт келеді **зиялы**,
Кейімесін ата қыран ұялы.
Сен сыйласаң сәби шақтың бір сәтін,
Атаң саған ұзақ өмірін қияды.

Ақылына айырбаста қулкінді,
Қайтесің сол қулкі дейтін шіркінді?!
Бейқам құліп өспеген соң өз басым,
Бос қулкіні ұнатпаймын бір түрлі...

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артында.
Дария-шалқар даналығын ал, тыңда!
Сенің сәби сәттеріңің мысқалын
Айырбастап таба алмай жүр алтынға.
Тоқта, ботам! Атаң келеді артында!

(М. Мақатаев)

ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтін бойынша берілген ақпараттың дұрыс не бұрыстығын анықта.

Ақпарат	Дұрыс	Қате
Өлең әкесі мен баласы туралы		
Өлең үлкенді құрметтеу туралы		
Әкесі баласына кеңес берді		
Атасы немересіне кеңес берді		
Үлкендерге жол берсең, олар саған бата береді		
Үлкендерге жол берсең, олар саған тәтті береді		
Қарт адам баланың әкесі мен анасын өсірген		
Олар бір отбасында тұрады		
Атасы бұрын көп ертегі айтып беретін		

ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Берілген сөздерді оқы. Екі бағандары мағынасы үқсас синоним сөздерді тауып, сәйкестендір.

1	ата	а	уақыт
2	ботам	ә	жеміс ағашын өсіруші
3	сәт	б	аз, кішкене
4	мысқал	в	соңында
5	бағбан	г	қарт ұл
6	кейімесін	ғ	ренжімесін
7	артында	д	ақылды
8	дана	ж	балам

АЙЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Оймоншақ». Мәтін мазмұнын бір-бір сөйлемнен айттып шығындар. Алдыңғы айтқан баланың ойын келесі сөйлеуші үзбей жалғастырысын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Топқа бірігіндер. Сурет пен мәтінді пайдаланып, сахналық қойылымның сценарийін жазындар. Оны топ болып көрсетіндер. 15—18 үнқатымнан тұратын қойылымда өлеңдегі негізгі ақпаратты қамтындар. Амандасу, танысу әдебіне байланысты сөздерді қолданындар.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтін мазмұнын әкесінің атынан баласына арналған қысқаша хат түрінде жазындар. Жалқы есім сөздердің қолданындар. Хатта қазақтың үлкен кіслерінің баланы еркелету сөздерін (балам, қарағым, шырағым, айналайын және т.б.) пайдаланындар.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Берілген жалпы есімдерді жекеше түрде тәуелдеп жаз: ата, бала, жол

Улгі:

Жекеше

- 1-жақ Менің
- 2-жақ Сенің ...
- Сіздің ...
- 3-жақ Оның ...

13 -тапсырма.

«Қазақ дәстүрі» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпак) дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім.
2. Бірінші зат есімге — екі анықтауыш.
3. Бірінші зат есімге — үш етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Бір зат есім — метафора (бірінші жолдағы зат есімге назар аударатындаи).

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Атаңды Жеңіс күнімен құттықтап, ашықхат жаз. Хат мазмұнында атаңнан үйренген жақсы істерің туралы айт. Хатта жалпы және жалқы есімдерді қолдан.



«Кекжиек-

Горизонт»

КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!

Мақал

Отан отбасынан басталады.

ЕСТЕ САҚТА!

Досым, қарт адамдарды сыйлап, құрметтеу керек. Менің атам — ақылды адам. Ол — зейнеткер.

Атам бата береді



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ отбасында өтетін қандай мерекелерді білесіңдер?
2. Бата деген не? Ол туралы не білесің?
3. Батаны қандай отбасылық мереке кезінде береді?
4. Батаны кім береді?
5. Батаның қандай түрлері бар?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Төмендегі суретке қара. Суреттегі бата беріп отырған атаның бейнесін суреттеп жаз. Суреттемелік мәтінде мына сөздерді қолдан: батыр, соғыс ардагері, мейірімді, ақылды, қарт және т.б.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Қайнаркөздерден балаларға арналған батаның мәтінін тауып оқы. Оның қандай жағдайда берілетінін айт. Бата сөздің құрамынан жалпы есімдерді тап. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерді анықта.



МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда, оқы.

Қазақ отбасындағы өте ертеден келе жатқан ерекше дәстүрдің бірі — бата беру. Бата — тілі көркем, ізгі тілек түрінде айтылатын қысқа әрі мәні терең сөз. Батаның тәрбиелік маңызы үлкен. Бата берудің өз жолы, дәстүрі, рәсімдері бар.

Дастарқан басында, түрлі жиын-тойда, отбасы мерекелерінде: тұсаукесер, тілашар кезінде жастар қол жайып, үлкендерден бата сұрайды. Батаны кез келген адам бермейді. Батаны көпті көрген ақсақалдар мен дана әжелер береді.

Батаның түрлері бар. Ас батасы — асты үстелге әкелгенде немесе ас ішіп болған соң берілетін бата. Ас батасы тамақ ішкен сайын беріледі. Рамазан батасы — үш күнгі ораза айтта айтылатын ізгі тілек, жақсы ниет. Жол батасы ұзақ жолға шыққанда беріледі. Жолға шығарда үй иесі көршілерге, туыстарға тамақ беріп, үлкен ақсақалдан бата алады. Тілек-бата — үлкендер жастарға риза болғанда, реті келген жерде қолын жайып беретін батаның түрі.

Қазақтар сөз өнерін өте жоғары бағалаған. «Бата адамға күш береді, жолын ашады, жаман күштерден сақтайды» деп сенген.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша тәмендегі тақырыптарды ретімен орналастырып, жоспар құр.

1. Батаның пайдасы
2. Бата берудің тәртібі
3. Батаның түрлері
4. Үлкендердің батасы

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде қазақ отбасының қандай мерекелері мен дәстүрі туралы айтылған?
2. Батаның қандай түрлері бар?
3. Батаны кімдер береді?
4. «Тоқта ботам...» өлеңінің мазмұнын есіне түсір. Сенің ойыңша, үлкенге жол берген балаға ата қандай бата берер еді?
5. Ғаламтор көздерінен сол жағдаятқа лайық бата мәтінін тауып жаз (<https://www.zharar.com/kz/bata>).

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Диалог. Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, ата мен баланың рөлінде диалог құрындар. Құрған жағдаяттарың осының алдындағы тақырыппен сәйкес болсын. Өзіне жол беріп, амандасқан Әлібекке соғыс ардагері мәнді етіп бата берсін.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Берілген сөздерді жекеше түрде тәуелден жаз: бата, тәрбие, қол.

Улгі:


Жекеше

- 1-жақ Менің
2-жақ Сенің
 Сіздің
3-жақ Оның

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Ғаламтор көздерінен бата туралы қосымша мәлімет жинаңдар. Бата сөздердің адамға пайдасы туралы ой қорытындар.



ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ отбасындағы ерекше дәстүр — бата беру. Батаны үлкен адамдар, ардагер аталар береді.

Әкеліңіз, көмектесейін!

11 – 12
САБАҚ


МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сен атаңа, әжеңе, анаңа қалай көмектесесің? Диаграмма-ны үлгі бойынша толтыр.

Үлгі:



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суретке қара. Тірек сөзді пайдаланып, досыңмен бірге мәтін құрап, жаз.

Tіrек сөздер: әжей, сөмке, апарысу, жолдан өту, көмектесу.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді оқып, тақырып қой. Түсінгеніңді айт.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Адамдар бір-біріне **құрмет** көрсетуі керек. Бұл — **сыпайылық** пен **әдептілікке** жатады. Кішілер үлкендерге құрмет, үлкендер кішілерге **үлгі** көрсеткені дұрыс.

Үлкенді сыйлау — жақсы қасиет. Әр бала ез үйінде атасын, әжесін, әкесі мен анасын **құрметтегені** жөн. Мектепте мұғалімдерге құрмет көрсету — жақсы **тәрбиенің белгісі**.

Әлібек — өте тәрбиелі, мейірімді, ақылды бала. Атасы оған ақыл айтып, жақсы істерге үйретеді. Әлібек атасының сөзін тыңдайды. Атасын сыйлайды. Әлібек көшеде үлкен кіслерге көмек береді. Оларға көшеден өтуге, автобустан түсуге көмектеседі. Үлкен кіслердің сәмкелері ауыр болса, үйіне **апарысады**. Олар Әлібекке **алғысын айтады**.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің аудармасын дәптеріңе жаз. Мәтіннен жалпы есім мен жалқы есімді тап.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер:

1. Адамдардың бір-біріне құрмет көрсетуі қалай аталады?
2. Кішілер үлкендерге қалай құрмет көрсетеді?
3. Үлкендер кішілерге қандай үлгі көрсетеді?
4. Әр бала үйде кімді құрметтеуі керек?
5. Жақсы тәрбиенің белгісі не?
6. Әлібек үлкендерге қалай көмектеседі?
7. Үлкен кіслер кімге бата береді?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннен тәуелдік жалғауы бар сөздерді теріп жаз. Қосымшалардың жалғану ерекшелігін түсіндір.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Кластер толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып жаз..

- Біздің көмек...
- Сендердің көмек...
- Сіздердің көмек...
- Олардың көмек...

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Диалог. Тірек сөздерді пайдаланып, досыңмен диалог құр. Диалогте жалпы есім, жалқы есімдерді қолданыңдар.

Tірек сөздер: құрмет, сыпайылық, әдел, апарысу/әкелісу, тәрбие, белгі, үлгі, алғыс айту.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер. Пікірінді дәлелде.

	Иә	Жоқ
Үлкенмен кездескенде «Сәлеметсіз бе!», қоштасқанда «Сау болыңыз!» деу керек пе?		
Үлкендермен «сен» деп сөйлескен дұрыс па?		
Үлкеннің сөзін бөлу керек пе?		
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керек пе?		
Барлық бала сыпайы болуы керек пе?		
Өзінде, өзгөні құрметтей білесің бе?		

ЕСТЕ САҚТА!

Үлкендерге көмектесу керек. Бұл — сыпайылық белгісі. Тәрбиелі оқушы үнемі басқа адамдарды құрметтейді. Оған үлкендер алғыс айтады.

Нәтиже сабак. Мен не үйренидім?

13—14
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Өз отбасың туралы мәтін құрап жаз. Онда отбасыңдағы дәстүрлерге көбірек көңіл бөл.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Суреттерге қарап, кім кімге не үшін бата беріп тұрғанын айт.



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Полилог. Бір-бірінен отбасыларындағы мерекелер мен дәстүрлер туралы сұрандар. Отбасы мүшелерін таныстырындар. Суреттерін көрсетіңдер. Түрлерін сипаттаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Берілген сөздерді жекеше түрде тәуелдендер: бала, бата, ақыл, жас.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Полилог. Ойбөліс. «Қазақ отбасының дәстүрлері мен мереңелері»
тақырыбында ой бөлісіндер. Ойбөліс үшін тақырып бойынша өтілген материалдар қайталанатында маңызды сұрақтарды анықтаңдар. Әр дәстүрдің ерекшеліктерін, маңызын ашындар.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма. «Ой-бәйге». Қазақ отбасындағы өтетін мереңелер мен дәстүрлер туралы шығарма бәйгесін өткізіндер. Оны сыйнып алдында оқындар. Сынып «Ең үздік шығарма» номинациясының иегерін анықтасын.

Бағалау критерийлері:

- 1) ойдың жүйелілігі — 3 үпай;
 - 2) тілдің көркемдігі — 2 үпай;
 - 3) оқу материалдарының қамтылуы — 5 үпай.
- Барлығы: 10 үпай.

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Өлеңді жатта.

Ата

Ата — үлкен, кәріміз,
Қуат берер дәріміз.
Әулиедей аялап,
Ардақтаймыз бәріміз.

Апа

Мейірімді апалар,
Балалар кеп бата алар...
Қалтасына кәмпіт сап,
Немереге апарар.

(Қ. Құзембай)

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Әке ақылы — бұлак,
Ана ақылы — шырақ,
Аға ақылы — көмек,
Іні ақылы — демеу,
Бала ақылы — ұшқын,
Өз ақылың басында,
Іздегіш болсаң, қасында.

МЕКТЕП ӨМІРІ. ӘДЕПТІ БАЛА – АРЛЫ БАЛА

Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінен үзінді

1–2
САБАҚ

Менің мектебім

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма

Суреттер бойынша әңгімеле.




ЖАҢА СӨЗДЕР

қызылшылт, күлгін, жабдықталған, жиһаз

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сын есімдерді қолданып, өзіне ұнаған сурет бойынша шағын мәтін құра.



ТІЛДІК БАҒДАР

Заттың сапасын, сынын, белгісін, түсін, көлемін білдіретін сөздерді **сын есім** дейміз. Сын есімнің түрлері: заттың түсін, түрін білдіретін сын есімдер: *ақ* (қазаз), *көк* (аспан), *жасыл* (шөп) және т.б.; заттың көлемін, сынын білдіретін сын есімдер: *биік* (үй), *тар* (бөлме) және т.б.; заттың сапасын, сипатын білдіретін

сын есімдер: *жақсы* (сөз), *бұзық* (бала) және т. б.; заттың дәмін, ісін білдіретін сын есімдер: *ааңы* (тамақ), *қышқыл* (шырын) және т.б.; затқа, қымыл-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіретін сын есімдер: *тасты* (жер), *білімді* (окушы), *жазғы* (демалыс) және т.б.

Сын есімнің жіктелуі	Түрлері	Мысалдар
жасалуына қарай	негізгі	жақсы, жаман, сұлу, ыстық, сұық
	туынды	кушті, таулы, ауылдық, қырратты, жазғы
құрамына қарай	дара	ақ, жақсы
	қүрделі	қара ала, ақ сары
мағынасына қарай	сапалық	ақ, қызыл, тар, кең, биік, аласа, жуас, тұзу, жеңіл
	қатыстық	тұзды, тұнгі, сүттей, айдай, қысқы

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма. Мәтінді тында.

Менің отбасым биыл қалаға көшіп келді. Мені анам үйдің қасындағы мектепке оқуға берді. Менің мектебім орталықта орналасқан әрі үйге жақын. Мектебіміз жаңа, биік. Ол қызығылт кірпіштен салынған. Ол — үш қабатты, әдемі ғимарат. Мектептің маңдайшасына ыбырай атамыздың «Кел, балалар, оқылыш!» деген сөзі ілінген. Ол алыстан көрініп тұрады.

Мектептің бірінші қабатында асхана, спортзал, мәжіліс залы, кітапхана, киім ілетін жер және мұғалімдер бөлмесі бар.

Екінші, үшінші қабаттарда оқу кабинеттері орналасқан. Кабинеттер жарық әрі кең. Терезелері үлкен. Терезеден тау көрініп тұрады. Кабинеттердегі жиһаздар жаңа үлгіде жабдықталған. Шкафтағы сөрелерде көп кітап бар. Дәліздері таза әрі жарық. Еденге ұзын, күлгін түсті кілемшелер төсөлген.

Мектеп ауласында шырша, қарағай, емен ағаштары өсіп тұр. Айналада неше түрлі گүлдер бар. Мектепте балаларға сабак оқу үшін барлық жағдай жасалған. Маған мектеп ұнады. Мен қаланың мектебіне тез үйрендім.

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауптарында қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын сақтаңдар.

Үлгі:

Сұрақ: Оның отбасы қайда көшіп келді?

Толық жауап: Оның отбасы биыл қалаға көшіп келді.

Қысқа жауап: Қалаға.

Сұрақ: Мектеп қайда орналасқан?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Мектептің ғимараты қандай?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Мектеп қандай кірпіштен салынған?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Кабинеттердегі жиһаздар қандай үлгіде жабдықталған?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Еденге қандай кілемшелер төсөлген?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

ЖАЗЫЛЫМ


7 -тапсырма.

«Дөңгелек үстел» ойыны Топқа бөлініңдер. Топтағы бірінші оқушы қағаздың шетіне мұғалімнің «Не?» деген сұрағына басқаларға көрсетпей жауап жазады. Жауп жазылған қағазды бүктеп, келесі оқушыға береді. Екінші оқушы да «Қандай?» деген сұраққа жауап жазып, қағаздың шетін бүктеп келесі оқушыға береді. Осы ретпен қайталанып отырады. Сонында қағазда құрастырылған сөйлем оқылады.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінде сипатталған мектеп пен өз мектебінді салыстырып айт.



6 -тапсырма. Мәтіннен төмендегі берілген сөздердің синонимін тап.

Сұлу, ана, ұстаз, шаһар

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Сұрақтарға толық жауап бер.

1. **Зерттеу.** Мектебің қай жылы салынған?

2. **Суреттеу.** Сенің мектебің қандай?

3. **Салыстыру.** «Мектеп — кеме, білім — теңіз» дегенді қалай түсінесін? Жақсы оқу үшін не істеу керек?

4. **Өз пікірің.** Өз мектебің үнай ма? Не себепті үнайды?

5. **Білімің.** Мектебіңің қандай болғанын қалар едің? Қандай тілек айттар едің?

6. **Колдану.** Неліктен жақсы оқу керек?

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Төмендегі сурет бойынша мәтін құра.



ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Берілген сөздерді пайдаланып, өз мектебіңің қысқаша ережесін құрастыр.

Мектеп ережесімен, мектеп шәкірттері, ішкі тәртіп, формасын киуге, мұлтікіз орындауға, міндетті, бағыну, бірыңғай, намысын қорғауға, себепсіз қалмауға, кешікпей келүгे, үйірмелерге қатысуға.

ЕСТЕ САҚТА!

Отбасым қалаға көшіп келді. Үйім орталықта орналасқан. Мектеп жаңа үлгімен салынған.

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті екінші қабатта

3—4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөйлемдерді аяқта.

1. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінде ...
2. Математика кабинетінде...
3. Орыс тілі мен әдебиеті кабинетінде ...
4. Информатика кабинетінде...
5. Тарих кабинетінде..

ЖАҢА СӨЗДЕР

белгілі, ақын, жазушы, перде, көрме,
кеменгөр

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Сурет бойынша сөз тіркестерін құра.
Осы сөз тіркестерін пайдаланып,
шағын мәтін құра.

Кабинет ..., ... парта, ... гүл, ... жинақ, ...
тақта, ... үстел



ТІЛДІК БАҒДАР

Заттың сынын, түр-түсін тікелей анықтайдын, негізгі түбірден болған сын есімдерді сапалық сын есім дейміз. Белгілі бір заттың сын-сипаты мен белгісін басқа бір заттың қатысы арқылы

білдіретін сын есімдер қатыстық сын есім деп аталады. Қатыстық сын есімдер журнақ жалғану арқылы жасалады.

Сын есімнің мағыналық түрлері

сапалық сын есім	қатыстық сын есім
көк, жақсы, жаман, аңы, көкшіл, жап-жасыл, жақсырақ	өнерлі, орманды, қалалық, ауылдық, таулы, табысты

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

Бүгін Әлібек мектепке ерте келді. Ол екінші қабаттағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне барды.

Кабинет үлкен әрі жарық. Терезеге әдемі перде ілінген. Терезеден орталық көшө көрініп тұрады. Кабинette **интерактивті тақта, компьютер**, шкаф бар. Сөрелерде әдеби кітаптар, сөздіктер, үлгілі дәптерлер, грамматикалық кестелер жатыр. Бұрышта **қазақ халқының** салтдәстүріне байланысты көрме жасалған. Көрмеде киіз үйдің макеті, ыдыс-аяқ, сандықша бар. Олар ете **әдемі**.

Қабырғаға белгілі ақын-жазушылардың суреттері мен тіл, әдебиет туралы айтқан сөздері ілінген. Әлібекке Мағжан Жұмабаевтың:

«Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме,
Жасынан оқу оқып, өнер қуған,
Жан жетпес көңілі жүйрік кеменгерге», —
деген өлең жолдары үнайды. Ол қабырғада ілулі тұрған нақыл сөздердің барлығын жаттап алды.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма

«Желаяқ» ойыны

Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңімпаз атанды.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, диалогті толықтырыңдар.

- Мектепте қандай кабинеттер бар?
- Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті,
- Екінші қабатта қандай кабинет орналасқан?
- Екінші қабатта
- Кабинет қандай?
- Кабинет
- Кабинетте не бар?
- Кабинетте
- Сөрелерде не жатыр?
- Сөрелерде

ЖАЗЫЛЫМ баспасы

5 -тапсырма.

Берілген сөздерді мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздермен сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Әдет-ғұрып, көрікті, өте, техникалық құралдар

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7

-тапсырма

Мектебіңдегі қазақ тілі мен әдебиеті кабинетін сипаттап, диаграмманы толтыр.

Қазақ тілі
мен әдебиеті
кабинеті

кең

жарық

Кабинетте

Қабырғада

Шкаф сөре-
лерінде

Терезеде

АЙТЫЛЫМ

8

-тапсырма

Суреттер бойынша әңгімеле. Мәтіннің мазмұнымен салыстыр.



ЖАЗЫЛЫМ

9

-тапсырма

Мәтіннен зат есімдер мен сын есімдерді тауып жаз. Олардың түрлерін ажыратып айт.

Біздің мектептің бірінші қабатында кітапхана бар. Кітапхана үлкен. Кітапханада мектеп оқулықтары, әдеби кітаптар, газет-журналдар бар. Кітапханада кітап көп. Менің оқырман билетім бар. Маған кітап оқыған үнайды. Мен кеше кітапханаға бардым. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым — Қожа» кітабын оқуға алдым. Маған бұл кітап үнайды. Өйткені мен оның киносын көрдім. Кино ете қызық.

ЕСТЕ САҚТА!

Мектепте кітапхана бар. Ол — кемеңгер жазушы.

Сүйікті жазушы

5–6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма

Суретке қара. Оқы.


ЖАҢА СӨЗДЕР

сүйікті, дүниеге келу, Жазушылар Одағы,
қызмет атқару

Не істеп отыр?



тақтаға жазып жатыр



кітап оқып отыр



сөйлеп тұр

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма

Сендер қазақ тілі мен әдебиеті сабакында не істейсіңдер? Жоғарыдағы суреттерді пайдаланып, жауап беріңдер.



тыңдаپ отыр

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Қосымшаларын жаз.

Мен жазамын. Мен тыңда.... Мен оқи.... Мен сөйле....
Сен жаз.... Сен тыңда.... Сен оқи.... Сен сөйле....
Сіз жаз.... Сіз тыңда.... Сіз оқи.... Сіз сөйле....
Ол жаз.... Ол тыңда.... Ол оқи.... Ол сөйле....

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма

«Сүйікті» сөзінің
синонимдерін пайдаланып,
диаграмманы толтыр.



МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.

Белгілі балалар жазушысы — **Бердібек Соқпақбаев**


Соқпақбаев 1924 жылы 13 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданы (қазіргі Райымбек ауданы) Қостөбе ауылында дүниеге келген. Осы жерде мектеп бітірген. Ол 14-15 жасынан бастап өлең жазған. 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып жұмыс істеген. Ол «Жұлдыз», «Балдырыған» журналдарында да жұмыс істеген. Қазақстан Жазушылар Одағында түрлі қызыметтер атқарған.

Бердібек Соқпақбаев балаларға арналған пьеса, көптеген әңгіме бірнеше киноға сценарий жазды. «Бұлақ» атты өлеңі 1950 жылы «Пионер» журналында жарияланды. Жазушының «Бақыт жолы», «Алыстағы ауылда», «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы», «Аяжан», «Жолда», «Менің атым — Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гауһар?» және т.б. шығармалары бар. Бердібек Соқпақбаев — балалардың сүйікті жазушысы.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым — Қожа» повесі алғаш рет Мәскеудегі «Детская литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрді. Кейін француз тіліне аударылды. «Менің атым — Қожа» повесі 30 тілге аударылып, дүниежүзіне таралды.

1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы осы повесть бойынша сценарий жазып, көркем фильм шығарды. Фильмнің режиссері — Абдолла Қарсақбаев. «Менің атым — Қожа» фильмі Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальда арнайы сыйлыққа ие болды.

«Менің атым — Қожа» фильмін үлкендер де, балалар да қызығып көреді. Бұл фильм барлығына ұнайды.



ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Қате
Бердібек Соқпақбаев — балалар жазушысы.		
Ол 1925 жылы 13 қазанда дүниеге келген.		
Оның туған жері — Алматы облысы Нарынқол ауданы.		
Ол Алматы қаласында мектеп бітірген.		
«Бұлақ» атты өлеңі 1950 жылы «Пионер» журналында жарияланды.		
«Менің атым — Қожа» повесі алғаш рет Мәскеудегі «Детская литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрді.		
«Менің атым — Қожа» фильмі Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальда арнайы сыйлықта ие болды.		

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	балалар	а	бітірген	1	көптеген	а	журналы
2	дүниеге	ә	істеген	2	өлеңдер	ә	тілі
3	мектеп	б	жазды	3	«Пионер»	б	шығарды
4	алғашқы	в	жазушысы	4	алғаш	в	фильм
5	жұмыс	ғ	қызмет	5	орыс	ғ	аударды
6	әңгімелер	ғ	кітабы	6	көркем	ғ	әңгіме
7	түрлі	д	ауылы	7	дүниежүзі	д	рет
8	туған	ж	келген	8	өз тілдеріне	ж	жинағы

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: жаттығу, шығарма, мәтін, үнтаспа, бор, ән.

- Қазақ тілі сабағында жазамыз.
- Оқулықтан оқымыз.
- Үнтаспадан тыңдаймыз.
- Мұғалім тақтаға түрлі түсті жазады.
- Сабакта қызық тапсырмалар мен береді.
- тыңдаймыз.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма

Көршіңе төмендегі сұрақтарды қойып, диалог құрындар.

- Бердібек Соқпақбаев — кім?
-
- Ол қай жылы дүниеге келген?
-
- Ол қай жерде мектеп бітірген?
-
- Бердібек Соқпақбаев қайда жұмыс істеген?
-
- «Мениң атым — Қожа» повесі алғаш рет қай жерде жарық көрді?
-
- «Мениң атым — Қожа» фильмі қандай сыйлыққа ие болды?
-

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма

Мәтінді пайдаланып, сөздерден сөйлем құрап жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Бердібек Соқпақбаев Алматы облысында туған. Ол — балалар жазушысы. Оның балаларға арналған шығармасы көп.

Улgi: Бердібек Соқпақбаев — балалар жазушысы.

Балалар жазушысы	
Дүниеге келген	
Мұғалім	
Жазушылар Одағы	
Аударды	
Алғашқы	
Бірнеше	
Көркем фильм	

Қоюқ—әдепті баға



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма

Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен балаларға арналған шығармаларды оқисың ба?
2. Қандай шығармаларды білесің?
3. Ол шығармалар саған үнай ма? Не себепті?
4. Балаларға арналған қандай фильмдерді білесің?
5. Ол фильмдердің басты кейіпкерлері — кімдер?


ЖАҢА СӨЗДЕР

кейіпкер, ықшам, жасағымды, туу куәлігі, ес білгелі, қолайсыз, табанда өзгерту, істің тұрасы, келеме жәдең айту




ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма

«Сүйікті шығармам» сөзіне кластер жаса. Кластер бойынша шағын мәтін құрап жаз.



Сүйікті шығармам



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.



Адамның атының сүйкімді болуы да — зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алғы қарандаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар — жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Әттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың біреуін өзгертіп алар едің! ...

Жарайды, «Өткенге өкініш жоқ» дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым — Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес.

Шынымды айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу күәлігінің өзінде солай деп жазылған....

Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да — Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өнімізге қарап, мені «Қара Қожа», оны «Сары Қожа» деп атайды.

Әуел баста мен бұған өкпелеп қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «Әу!» — деп жалт қарайтын болдым.

Фамилиям — Қадыров... Қадыр — менің әкем...

(Б. Соқпақбаев)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма

Мәтіннен сын есімдерді теріп жазып, сөйлем құра.



ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз емес есімдер бар.		
Адамның атының сүйкімді болуы да — зор бақыт па деймін.		
Біз бір класта төрт Қожа бармыз.		
Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өнімізге қарап, мені «Сары Қожа», оны «Қара Қожа» деп атайды.		
Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім.		
«Қара Қожа» дегендерге: «Әу!» — деп жалт қарамайтын болдым.		
Фамилиям — Қадыров... Қадыр — менің атам.		

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма

Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

Сын есім	негізгі	туынды	дара	күрделі	сапалы	қатыстық
белгілі						
сүйікті						
ықшам						
жағымды						
үлкен						
жарық						
әдемі						

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма

Қате жазылған сөйлемдерді тап. Себебін айт.

- Адамның атының сүйкімді болуы да — зор бақыт па деймін.
- Мұндаилар өз атын қәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтасың.
- Жарайды, «Өткенге өкініш жоқ» дегендей, істің турасына көшелік.
- Шыныңды айтсам, бұл — о баста Қожа емес, Қожаберген екен.
- Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамыз.
- Сүттібайдың үлкен баласының аты да — Қожа.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма

Суреттегі кейіпкерлер саған та-
ныс па? Олар туралы айт.



ЕСТЕ САҚТА!

Қожа — менің сүйікті кейіпкерім.
Маған Қожа ұнайды.
Адамның атының сүйкімді болуы
зор бақыт.

Жанағ — ақылды қыз

9—10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен «Менің атым — Қожа» фильмін көрдің бе?
- Фильмнің режиссері — кім?
- Фильмнің басты кейіпкері — кім?
- Фильм саған ұнай ма? Не себепті?
- Сенің ойыңша, Қожа — қандай бала?

ЖАҢА СӨЗДЕР

сырт бейнесі, қосауыз мылтық, үңірею, шеке, таптақыр, құлпыру

ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма

Мәтінді оқып, Қожаның портретін диаграммаға түсір.

Сөйтіп, мен сендерге өзімнің аты-жөнімді айттым. Ал көркем шығармада кейіпкердің кім екені аталып қана қоймай, сырт бейнесі де қоса сипатталатын дәстүр бар ғой. Енді соған көшейін. ... Мынау — міне, мұрным. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындағы үңірейіп тұр. Екі шекемнің шығыңқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр. ... Ох, менің шашым!. Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылынан бір кем емес. ... Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. ... Ал бойымды біреулер: «Орта бойлы», дейді. Әжем болса: «Әкең тәрізді сұңғақ бойлы боласың!» — дейді

(Б. Соқпақбаев)

басы

мұрны

шашы

тұрі

бойы

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Тақырып қой.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіннен қатыстық сын есімдерді тауып, сөйлем құра.

Жанар! Атың қандай әдемі! Сендердің бұл қызбен танысып қоюларың керек. Осы повестің бас кейіпкерінің бірі болуға Жанар — татитын қыз. Екеуіміз бірге оқимыз. Жанар — біріншіден, кластағы ең ақылды қыз. Екіншіден, сұлу. Әсіресе қызыл береткасын киіп жүргендеге, сондай құлпырып, жайнап кетеді. Даусы қандай шіркіннің!, Ән салғанда тыңдасаң!. Басына үкілі тақия киіп, мың бұралып «Қамажайға» билегенін көрсөң!. Барып тұрған өнерлі қыз!. Кластағы бірінші үздік оқушы.

Жанарды ойыма алсам, мен қатты қуанып кетемін.

Шіркін-ай, былай болса: адам әуелі үлкен болып жарапса. Өмірдегі өзіне тиісті қызмет-мамандығын атқарып болғаннан кейін барып балаға айналса. Сонда маған Майқанова қалай қарап еді? «Үлкен кезінде ол әйгілі жазушы болған, оның есімі бүкіл дүниежүзіне мәлім. Олай болса, менің оған ұрса бергенім жарамас, жазушыны сыйлау керек!» — деп ойлар еді...

Жанардың үйі көшениң басына таман, өзенге таяу. Әкесі — Балабек бригадир болып істейді. Мамасы Қырымға курортқа кеткен...

Жанардың үйде жалғыз екенін білгенде қуанып кеттім. «Не де болса, сөйлесейін» деп ойладым.

— Кеш жарық, Жанар!

Жанардың таңданған жүзі дереу күлімсіреді. Қасыма жүгіріп кеп, шарбақтың үшкіл басынан ұстап, бетпе-бет тұра қалды.

— Кеш жарық, Қожа! Неғып жүрсің? — деп сұрады ол.

— Мен түнделетіп жайлауға кетем.

— Мамаңа барасың ба?

— Иә. Сен неге лагерьге бармадың?

— Мамам келгенше үйде болып, әжеме көмектесем. Майқанова апай: «Лагерьге келесі кезекке жолдама берем», — деді.

Жанар осының айтты да:

— Қожа, менің әжем үйде жоқ. Жүр, дойбы ойнайың!, — деді.

(Б. Соқпақбаев)

- Повестен Қожаның Жанарға шығарған өлеңін тауып, оқы. Қожаның көңіл қуйін сипаттап айттып бер.




АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма. «Машина

«Менің атым — Қожа» повесін оқып, Жанар туралы қосымша мәлімет жина. Жанар кім? Ол — қандай қыз? деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыр. Жанардың келбетін, мінезін сипаттап айт.

Талаптар:

1. Көлемі – 4-6 сөйлем.
 2. Сын есім сөздерді жиі пайдалан.
 3. Жаңа сөздерді міндетті түрде қолдан.



МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма. *Кибук*

«Кубизм» әдісін қолдана отырып, Қожа мен Жанар туралы жаз.

- зертте;
 - салыстырь;
 - түсіндіріп;
 - қолдан;
 - суреттепе;
 - тілек айт.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Берілген сөйлемдерге үш нұсқада сұрақ қой.

Үлгі: Екеуіміз бірге оқимыздар

- Біз қалай оқимыз?
 - Бірге оқимыз ба?
 - Кіммен бірге оқимыз?
 - Екеуіміз бірге оқимыз ба?
 - Екеуіміз бірге не істейміз?

1. Жанар — біріншіден, кластағы ең ақылдықызы. 2. Барып түрған өнерлі қызы. 3. Кластағы бірінші үздік оқушы. 4. Әкесі — Балабек бригадир болып істейді. 5. Мен тұнделетіп жайлайға кетем.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма. Бағыттар

«Бердібек Соқпақбаев» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

Бес жолды тақпактың қурылымы:

1. Тақырыпқа қатысты **бір** зат есім.
 2. Бірінші зат есімге қатысты **екі** сын есім.
 3. Бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік.
 4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын **төрт** кілт сөз.
 5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

ECTE CAKTA!

Жанар екеуіміз бірге оқимыз

Жанардың үйі өзеннің жаңында.

Қоюқ мектебіне


11–12
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерге қара. Өз мектебің жайлы мәтін құрап жаз.



ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Мазмұнын айт.

Мен бесінші сыныпта оқымын. Мен сегізде мектепке барамын. Біздің мектептің оқушылары екі ауысымда оқиды. Мен түске дейін оқымын. Түстен кейін үйірмеге барамын.

Бізде қазақ тілі мен әдебиеті сабағы аптасына бес рет жүреді. Біз сабакта үнтаспа тыңдаймыз, түрлі тапсырмалар орындаімыз, қазақ тілінде сөйлейміз.

Біз бүгін «Менің атым — Қожа» фильмін көрдік. Фильм өте қызық. Маған Қожа мен Жанар ұнайды. Олар — жақсы достар. Менің де досым көп.

Сен «Менің атым — Қожа» фильмін көрдің бе? Саған қай кейіпкер ұнайды?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

Мазмұндал бер.

Бүгін — сентябрьдің бірі. Парадтағы солдаттай жаңа формамды қатып киіп, мектепке келе жатырымын. Қолымда — су жаңа портфель, мойнымда — желбіреген қызыл галстук. ...

Мектепке кірдім. Бірінші кластан бастап оқып келе жатқан осы мектеп маған туған анамдай ыстық та бауырмал. Жаңадан сырланған мұнтаздай еден, терезе жадырап қуліп тұрған тәрізді. Мынау — біздің класс, әлі ешкім келе қоймаған түрі бар. «Орынды қай жерден алсам екен?» деп, біраз ойланып тұрдым. Мұғалімнің қарсы алдына отырсаң, қалай болады? Жоқ, одан да ең арты тиімді. Сабак зеріктіріп жібергенде партаны ашып қойып, кітап оқып отыруыңа немесе өлең жазуыңа болады. Бірақ әдетте артқы парталарға сабакты нашар үлгеретін балалар әуес келеді. Өзіне сенімі құштілер қасқайып, алдында отырады. Немене? Мен солардан кеммін бе? «Ең алға, мұғаліммен бетпе-бет отырайын» деген шешімге келдім...

Кешегі күні бойғы әрекеттен кейін тұяқ серіппей қатып ұйықтап қалыптын. Әжем жүлқылап ояты.

— Қожа, Қожатай! Әкем-ау, сен бүгін сабағыңа бармаушы ма едің?

Көзімді ашып алып, қабырға сағатқа қарасам, сегізге он бес-ақ минут қалған екен. Атып түрегеліп, тез киіндім де беті-қолымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тік тұрған күйде қотара салдым. Кеше титықтап келіп, сабак қарауға мұршам болмап еді. Бүгінгі болатын пәндерді сумкама асығыс салып алдым да мектепке жүгірдім.

Қоңырау соғылып кетіпти. Бірінші сабак орыс тілі болатын. Анфиса Михайловна класқа жаңа кіріп барады екен, тасырлатып жүгіріп келе жатқан мені көріп, тоқтай қалды...

(Б. Соқпақбаев)

- Анфиса Михайловна ары қарай не істеді? Қалай ойлайсың?
- Қожа орыс тілінен берілген үй тапсырмасын орындауды ма? Ол сабакта не істеді?
- Повестен осы сұрақтардың жауабын тап.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма. «Өз мектебіңің тарихын білесің бе?» тақырыбында сұрақтарды кірістіріп, досынмен диалог құр.

- Біздің мектебіміз қандай?
- ...
- Мектебіміз қай жылы ашылды?
- ...
- Біздің мектепке неше жыл болды?
- ...
- Мектептің алаңы қандай?
- ...
- Қазір мектеп басшысы — кім?
- ...
- Мектебімізден шыққан танымал адамдарды білесің бе?
- ...

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап жаз.

1	Саған сыныпта қай жерге отырған үнайды? Алдыңғы жақта ма әлде артта ма? Не себепті?	
2	Қожаның «Бірақ әдette, артқы парталарға сабакты нашар үлгеретін балалар әуес келеді. Өзіне сенімі құштілер қасқайып, алдыда отырады» деген пікірімен келісесің бе?	
3	Сенің сабакқа кешіккен кезің болды ма? Не себепті?	
4	Сабакқа қалай дайындаласың?	
5	Сабакқа дайындалмай келген күнің бар ма? Не себепті?	
6	Повестегі сабакқа дайындалмай келген Қожаның көңіл күйіндей сәт сенде болды ма?	

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Суреттің мазмұны бойынша диалог құрындар.



ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып,
сөздерден сөйлем
құрап жаз.

Улғи: Мойныма желбіреген қызыл галстук тақтым.

желбіреген	
бауырмал	
сырланған	
мұнтаздай	
сенім	
бетпе-бет	
атып түрегелу	
шайып жіберу	

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Повестен төмендегі сұрақтарға жауап ізде. Жауабыңды қысқа әрі нақты айтып бер. Қожа мен Жантастың бейнелеріне талдау жаса.

- Лагерьге жолдама бермегені үшін Майқанова апайды ренжіткен Қожаның ісіне қалай қарайсың?
- Оқулық алу үшін мұғалімді алдағаны дұрыс па?
- Орыс тілі сабағына кешігіп, мұғаліммен бірге кірген Қожаның әрекетін қалай бағалайсың? «Бір секундқа кідіріп, мұрнымды көкке шүйіріп, маңғаздана қалдым да қолымды қеудеме қойып, тәжім еттім. Мұным балалардың құрметіне сыпайы қайтарылған жауап болды да шықты. Балалар ду құліп жіберді». Қожа — қандай бала?
- «Қысқы кешті» жаттамаған Жантас не істеді? Оның істегені дұрыс па?
- «Қысқы кешті» жаттамаған Қожа қандай күйде болды?

ЕСТЕ САҚТА!

Мениң мойнымда — желбіреген галстук.
Мектеп маған туған анамдай ыстық.

Нәтиже сабак. Мен не үйренидім?

13 – 14
САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай мектепте оқисың?
2. Сенің сыныбың қай ауысымда оқиды?
3. Аптасына неше рет қосымша сабақтарға барасың?
4. Қандай үйірмеге қатысасың?
5. Саған мектебің не үшін ұнайды?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Ондағы маңызды деректерді анықта. Осы мәліметтерді пайдаланып, диалог құрындар.

- Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 13 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданы (қазіргі Райымбек ауданы) Қостөбе ауылында дүниеге келген.
- Жазушының «Мениң атым — Қожа» повесі бойынша кинофильм түсірілген.
- Бұл фильм 1963 жылы экранға шықты.
- Фильмнің режиссері — Абдолла Қарсақбаев.
- Сценарийін жазған — Б. Соқпақбаев, Н. Зелеранский.
- Сазгер — Нұрғиса Тілендиев.
- Қожаның рөлін ойнаған Нұрлан Сегізбаев — ғалым, философия ғылымының кандидаты, бірнеше кітаптың авторы.
- 1967 жылы «Мениң атым — Қожа» фильмі Францияда өткен Канн кинофестивалінде арнайы сыйлықпен марапатталды.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.



Диаграммадағы сұраққа жауап бер. Жауабынды дәлелде.



ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Суреттің орнына сөздерді қойып, мәтелді оқы.
Мәтелдің біреуін тақырып ретінде алып, шағын мәтін құра.



Үлгі: Өмір — үлкен алтын қазына.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Берілген сөздерден өлең жолдарын құрастыр.

1	жүйрік	оыйнға	бөлме	оқу	оқы
2	қарағым	жасынан	жан	қаларсың	құр
3	көңіл	құған	кеменгерге	жетпес	өнер
4	оқып	көңілі	босқа	оқу	жүрме

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мен «Қожаның мектептегі күні» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда Қожаның бірінші қыргүйек күні сабакқа қалай келгенін, Жантаспен сөйлескенін жаздым. Оның Жанаармен дойбы ойнағаны туралы, Сұлтанмен жайлауға барғаны жайлыш жаздым. Шығармам 15 сөйлемнен құралды.

Ол қандай сәйлемдер жазды деп ойлайсың? Жазып көр.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Қожаның жағымды және жағымсыз жақтарын айтып, белгілеңдер. Кестеге сүйеніп, пікір таластырыңдар.

	Қожаның жағымды жақтары:	Қожаның жағымсыз жақтары:
өтірікші		
өз ісіне есеп бере алады		
адал		
сотқар		
өзін-өзі тәрбиелейді		
тәртіпсіз		
аңқау		
үлкенді сыйлайды		
өлең шығара алады		

ЖАЗЫЛЫМ


8 -тапсырма.

Сын есімдерді қолданып, повестегі кейіпкерлерге мінездеме жаз.



«Көкжиеқ-Горизонт» баспа

Жанар	
Жантас	
Сұлтан	
Майқанова	
Анфиса Михайловна	
Ахметов	



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Менің атым — Қожа» повесіндегі өзің таңдаған кейіпкер туралы постер жаса. Постер бойынша сынып алдында сөйле.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жұмбақ

Білімнен мол сый-асы,
Балғындардың ұясы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАН-ЖАNUАRLAR МЕН ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ



«Қызыл кітап»

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Саған «экология» деген сөз таныс па?
- Табиғатты қорғау үшін не істей керек?
- Достарың «Табиғатты, жануарларды, өсімдіктерді қорғау керек!» деп санай ма?
- Мектебіндегі табиғатты қорғау жөнінде қандай іс-шара өтеді?

ЖАҢА СӨЗДЕР

ерте заман, қорғау, одақ, өсімдіктер, деректер, жойылып кету, сирек, тіркелген

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Қызыл кітап» туралы не білесің? Ол туралы 2-3 сөйлем құрап жаз.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма. Тыңда.

Мәтінді оқы.

«Қызыл кітап»

1948 жылы әлемде алғаш рет «Табиғатты қорғаудағы» құрылды. Бұл одақ Жер бетінен жойылып бара жатқан жануарлар туралы кітап шығарды. Ол «Қызыл кітап» деп аталды. «Қызыл кітап» деген атауды ағылшын ғалымы Питер Скотт ұсынды.

«Қазақстанның Қызыл кітабы» алғаш рет 1978 жылы шықты. Онда тіркелген жануарлар мен өсімдік түрлері туралы қысқаша қазақша, ағылшынша деректер берілген. Сонымен бірге тір-

келген жануардың суреті, Қазақстан аумағында таралу картасы, ол туралы ақпарат көрсетілген.

Қазақстанда құстардың 18 отрядқа жататын 489 түрі бар. Олардың 58-і «Қызыл кітапқа» тіркелген. Оларды адамдар көп аулайды. Сол себепті азайып барады. Қазір олар қорғауға алынған.

«Қазақстанның Қызыл кітабына» өсімдіктердің 307 түрі кірген. «Қызыл кітапқа» қазақ жеріндегі барыс, ақку, бүркіт, бірқазан, тырна, қызыл қасқыр және т.б. аңдар мен құстар да тіркелген.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- «Қызыл кітап» деген не?
- Алғашқы «Қызыл кітап» қай жылы шықты?
- «Қазақстанның Қызыл кітабы» қай жылы жазылды?
- «Қазақстанның Қызыл кітабында» қанша өсімдік тіркелген?
- «Қазақстанның Қызыл кітабында» қанша құс тіркелген?
- Қазақ жеріндегі қандай жануарлар «Қызыл кітапқа» тіркелген?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Төмендегі тақырыптарды мәтіннің мазмұны бойынша орналастыры. Әр тақырыптың тұсына қажетті тірек сөздерді жаз. Жоспар бойынша мәтінді мазмұнда.

Тақырыптар:

- қазақ жеріндегі «Қызыл кітапқа» ен-ген құстар;
- ең алғашқы «Қызыл кітап»;
- «Қазақстанның қызыл кітабы» туралы;
- «Қазақстанның қызыл кітабындағы» өсімдіктер мен жануарлар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Сурет пен сөзді сәйкестендіріп жаз. Аң-құс атауларының орыс тіліндегі баламасын айт.



барыс



акку




бүркіт



бірқазан



тырна



қызыл
қасқыр



дуадақ

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сөздерден сөйлем құрап, оқы.

1	1948	ағылшын ғалымы	«Табиғаттың қорғау» одағы	бар
2	«Қазақстанның Қызыл кітабы»	бірінші рет	1978 жылы	ұсынды.
3	«Қызыл кітап» атауын	өсімдіктердің	Питер Скотт	тіркелген.
4	Қазақстанда	құстардың	жануарлар туралы	құрылды.
5	одақ	жылы	307 түрі	шықты.
6	«Қызыл кітапқа»	алғаш рет	489 түрі	кітап шығарды.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


8 -тапсырма.

Фаламтордан «Қазақстанның Қызыл кітабына» енген 1 құс пен 1 аң туралы мәлімет тауып, жаз. Тапқан ақпараттарынды ауызша баянда.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Қызыл кітаптың» маңызы туралы досыңмен әңгімелес.



ЕСТЕ САҚТА!

«Қазақстанның Қызыл кітабына» енген жануарларды қорғау керек. Қазір түрлі жағдайларға байланысты аң-құс азайып барады. Олар мемлекет қамқорлығына алынған.

Қызғалдақты сақтайың!

3—4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС


ЖАҢА СӨЗДЕР

талаң, көпжылдық

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сөздерді суретпен сәйкестендір. Орыс тіліндегі баламасымен жаз. Гүл атауларын пайдаланып, сөйлем құра.



бәйшешек



астра



қызғалдақ



түймедақ



сағалдақ



раушан

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.


Қазақстан картасын қара. Ондағы жер-су атауларына назар аудар. Сол атаулар мен төмендегі сөз тіркестерін пайдаланып, «Таңғажайып Қазақстан» тақырыбына шағын мәтін құрап жаз. Өздеріңе таныс емес сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен анықта.

Табиғаты ерекше, айдын көл, сұлу өзен, асқар тау, кең дала, он қорық, «Әнші құм», шөл дала, көркем мекен, анаңдай қорғау, көздің қарашығындағы сақтау, «Қызыл кітап», экологиялық мәдениет.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Қызғалдақ»
тақырыбына
диаграмма жаса.



4 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Ат қой. Түсінгеніңді айт.

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

Кең-байтақ Қазақ даласы табиғи байлықтарға, алуан түрлі өсімдікке аса бай. Соның бірі — даланың сәні, көктемнің белгісіндей болып шығатын қызғалдақ. Біздің жерімізде қызғалдақтың 32 түрі кездеседі. Оның 12 түрі — эндемикалық, яғни тек Қазақ жерінде ғана өсетін қызғалдақ саналады. Сондықтан Қазақстан «Қызғалдақтың отаны» аталады.

«Қай ел — қызғалдақтың отаны?» деген сұрақ бойынша талас та бар. Дүниежүзінде қызғалдақтың тұқымын алып, өсіріп жатқан ел көп. Бірақ Қазақстандағы қызғалдақтар табиғи таза, көпжылдық өсімдік саналады. Сондықтан олар хош иісті, айналасына ерекше жұпар шашып тұрады. Олардың биіктігі 30-35 см болады. Қызғалдақтың түстері де алуан түрлі болып келеді: қызыл, сары, қызылт, қызыл сары және т.б. Қызғалдақтардың ішінде көп кезде-сетіні — қызыл және сары түстілері.

Біздің жерімізде өсетін қызғалдақтардың 18 түрі «Қызыл кітапқа» тіркелген. Сондықтан қызғалдақтарды көздің қарашығындаң сақтау керек.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөздерді тіркестір, оларды қатыстырып сөйлем құрап жаз.

1	қызғалдақтың	сәні
2	қазақ	өсімдік
3	даланың	қарашығы
4	хош	даласы
5	көпжылдық	отаны
6	жұпар	иісті
7	көздің	шашу

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннен тіркесті сөздерді тауып жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтін мазмұнына сүйеніп, сұрақ-жауап сипатында диалог құрындар.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Ғаламтордан Қазақстандағы қызғалдақтар туралы ақпараттарды жина. Шетелдік досында Қазақстандағы қызғалдақтардың ерекшелігі туралы хат жаз.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Кімге қандай гүл сыйлау керек? Ой бөлісіндер.

ЕСТЕ САҚТА!

Біздің жерімізде қызғалдақтың 32 түрі кездеседі. Оның 18-і «Қызыл кітапқа» енген.

Қасқыр мен тиін

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, сұраққа жауап бер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

тиін, өмір сүреді, бұтақтан бұтаққа, құлайды, ашуланады, жасалынады, жіберші, қорқамын, қорқытасың, залым, жаманадық жасасамаймыз, сөз беремін, тырысып жсур, ақыл сұрайды



Қасқыр қайтеді?



Тиін қайтеді?



Қоян қайтеді?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Берілген сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап бер.
Диаграмманы толтыр.


Қажетті сөздер: мейірімді, залым, әдемі, сұлу, жақсы, жаман, сұр, ашуланады, ашуланбайды, ақылды, ақылсыз және т.б.

Не қандай?



сұр

қасқыр қандай?



ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен дұрыс жауабын жаз.

Мен	ашулана сың	жалына сың	Сіз	ашулана сың	жалына мын
	ашулана мын	жалына ды		ашулана мын	жалына сыз
	ашулана ды	жалына сыз		ашулана ды	жалына ды
	ашулана сыз	жалына мын		ашулана сыз	жалына сың

Сен	ашулана сың	жалына мын	Ол	ашулана сың	жалына сыз
	ашулана мын	жалына сың		ашулана мын	жалына сың
	ашулана ды	жалына ды		ашулана ды	жалына ды
	ашулана сыз	жалына сыз		ашулана сыз	жалына сың

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

«Кім жылдам?» ойыны

Суреттерге қарап, дұрыс жауабын тез айтыңдар. Ормандағы жануарларды атаңдар.



ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма. Мәтінде оқыңдар.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Орманда көңілді тиін өмір сүреді. Тиін бұтақтан бұтаққа секіреді. Бір кездे тиін ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлап түседі. Қасқыр ашуланып, оны жегісі келеді. Тиін қасқырға жалынады:

— Мені жеме, жіберші! Дос болайық, — дейді.

Қасқыр:

— Жарайды, жіберейін. Бірақ сен маған айтшы: сендер, тиіндер, неге әрқашан көңілдісіңдер? Әрқашан секіресіңдер, ойнайсыңдар. Мен әрқашан ашуланамын.

Сонда тиін:

— Мен сенен қорқамын. Мені жіберші. Мен саған сонда айтамын, — дейді.

Қасқыр тиінді жібереді. Тиін ағаштың басына шықты. Бұтақтан бұтаққа қайта секірді.

Сосын тиін былай дейді:

— Қасқыр, сен залымсың. Сен бәрін қорқытасың. Сенен барлық аң қорқады. Ешкіммен сөйлеспейсің. Сені ешкім жақсы көрмейді. Сондықтан әрқашан ашуланасың.

Біз, тиіндер, көңілдіміз. Біз залым емеспіз. Біз ешкімді қорқытпаймыз. Ешкімге жамандық жасамаймыз, біз мейірімдіміз.

Қасқыр:

— Мен енді ешкімді қорқытпаймын. Тиін, саған сөз беремін! Залым болмаймын.

Мейірімді боламын, — деді.

Сол күннен бастап қасқыр мейірімді болуға тырысып жүр. Қасқыр тиіннен ақыл сұрайды. Тиін қасқырға ақыл айтады. Дос болсан, адад, мейірімді бол! Сен қандай доссың?



АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Суретке қараңдар. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрастырындар.



- Алса, бала қайтті?
-
- Тұлкі қайтті?
-

- Тиін ?
-
- ?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сөйлемнің мағынасына қарап, сұраққа жауап жаз.

- Аю бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.
- Қоян бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.
- Маймыл бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.
- Қасқыр бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.
- Тиін бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.
- Тұлкі бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.
- Торғай бұтақтан бұтаққа секіреді/секірмейді.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Орманда көнілді тиін өмір сүреді.		
2	Қасқыр бұтақтан бұтаққа секіреді.		
3	Тиін үйіктап жатады.		
4	Тиін үйіктап жатқан қасқырдың үстіне құлап түседі.		
5	Қасқыр ашууланады.		
6	Тиін қасқырға жалынады.		
7	Қасқыр тиінді жібереді.		
8	Тиін залым.		
9	Тиін ешкімге жамандық жасамайды.		
10	Қасқыр мейірімді болуға тырысып жүр.		

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.


Үш нұсқаның ішінен қажетті сөздерді таңдап жазыңдар.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Мультфильмдер мен ертегілердегі залым және мейірімді кейіпкерлерді атаңдар.

Орманда көңілді (қоян, тиін, аю) өмір сүреді. Тиін (тастан тасқа, бұтақтан бұтаққа, таудан тауға) секіреді. Тиін (үйықтап жатқан, жүрген, секірген) қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр (қуанады, көңілденеді, ашуланады). Тиін қасқырға (жылайды, құлайды, жалынады). Тиін қасқырға: «Мені (көрші айтшы, жіберші)!» — дейді. Қасқыр тиінді (үрады, жібереді, жібермейді).



ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Үлгі бойынша жазыңдар.

№	Үлгі: Қасқыр қорқытады. Тиін қорқады. Робот қорықпайды.
1	Тұлқі қорқытады... . Қоян қорқады... . Ер Төстік қорықтады... .
2	Мыстан... . Қызы... . Бауырсақ... .
3	Айдаһар... . Ұл... . Золушка... .

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма.

Қою қаріппен жазылған зат есімдер мен етістіктерді жекеше тұлғада жаз.

Қасқыр: **сендер, тиіндер** неге әрқашан **көңілдісіндер**? Әрқашан **секіресіндер, ойнайсындар**. Мен әрқашан ашуланамын.

Сонда тиін: Мен сенен қорқамын. Мені жіберші, — дейді.

Қасқыр тиінді жібереді. Тиін ағаштың басына шықты. Тиін бұтақтан бұтаққа қайта секірді. Сосын тиін:

— Қасқыр, сен залымсың. Сен бәрін қорқытасың. Сенен барлық **аң** қорқады. Ешкіммен сөйлеспейсің. Сені ешкім жақсы көрмейді. Сондықтан әрқашан ашуланаңың.


Біз, тиіндер, көңілдіміз. Біз залым **емеспіз. Біз** ешкімді **қорқытпаймыз**. Ешкімге жамандық **жасамаймыз, біз** — **мейірімдіміз**.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма.

Жағдаят. Берілген сөздерді пайдаланып, суреттегі жағдаятқа диалог құрастырыңдар: Қасқыр қоянды қонаққа шақырды. Ал қоянның барғысы келмеді.

Қажетті сөздер: қорқамын, қорқытпаймын, сөз беремін, залым болмау, мейірімді болу, адал дос.



ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма.

Қасқырдың атынан тиінге хат жаз.
Хатта тиінді қорқытпайтыныңды,
ашуланбайтыныңды ескерт. Тиінмен дос
болғың келетінінді айтывып, сөз бер.

ЕСТЕ САҚТА!

Тиін бұтақтан бұтаққа секіреді. Тиін құлайды. Қасқыр ашуланады. Тиін қорқады. Қасқыр сөз береді. Ол мейірімді, адал дос болады. Қасқыр залым болмайды.

Хат

Кімге: Тиінге

Кімнен: Қасқырдан

Тиін!

Қасқыр

«Қазақстан бағысы» (мультфильм негізінде)



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сурет бойынша әңгімелे. Сен бұл мультфильмді көрдің бе? Бұл — қай мультфильмнің кейіпкерлері?



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Төмендегі әріптерден басталатын төрт сөз жаз.

Б			
А			
Р			
Ы			
С			

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

Ерте, ерте, ертеде бүркіт: «Кім күшті?» деген қазақша күрестен сайыс өткіземін», — деп жан-жануарларға жар салыпты. Аю, жолбарыс, қасқыр, қоян, барыс, арқар мен борсық сайысқа қатысуға дайындала бастайды.

Атасы барысты сайысқа дайындаиды.

— Бұл жарыста жеңіске жету оңай емес, балам! Сайыста күшті болу керек, бірақ епті болған одан да пайдалы. Осыны ұмытпа! — деп, атасы барысқа ақыл айтады. Барыс сайысқа қатысу үшін көп жаттығады.

Сонымен, сайыс күні де келіп жетеді. Бүркіт, қабан, таутеке төреші болады.

— Сайыс жарыста жеңген аңының атымен аталатын болады, — деп бүркіт жариялады.

Қасқыр мен қоян, арқар мен борсық, аю мен қабан, барыс пен келес күреседі. Қоян қасқырды, аю қабанды, борсық арқарды, барыс келесті жеңеді.

Жартылай сайыста аю мен қоян, барыс пен борсық күреседі. Аю қоянды, барыс борсықты жеңеді де аю мен барыс шешуші сайысқа шығады.

Барыс аюмен күреседі. Ол атасының айтқан ақылын есіне түсіреді де ептілікпен өзінен күшті аюды аяқтан шалып жеңеді.

Сөйтіп, барыс ептілік пен төзімділік көрсетіп, жеңімпаз атанады. Содан бері қазақша күрестен болатын сайыс барыстың атымен аталатын болды.

1. Бүркіт қандай жарыс өткізбекші болды?
2. Жарысқа қандай аңдар қатысты?
3. Барыс жарысқа қалай дайындалды?
4. Оған атасы қандай ақыл айтты?
5. Жарысқа қай аңдар төреші болды?
6. Жартылай сайысқа қай аңдар шықты?
7. Шешуші сайыста қай аң жеңді?
8. Сайыс қай аңының атымен аталатын болды?

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді оқы.

Жолбарыс, барыс, қасқыр, аю, тұлкі — жыртқыш аңдар. Жолбарыс пен барыс ырылдайды. Аю ақырады. Қасқыр мен тұлкі ұлиды. Тұлкі қу, ол алдайды.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сұрақта жауап бер. Сөйлем құрап айт.

Аңдар не істейді?

Аңдар не істейді?	
Жолбарыс	
Барыс	
Қасқыр	
Аю	
Тұлкі	

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Аңың сипатына қарап, қандай аң екенін айт.

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Ақпараттың дұрыстығын тексер, айт.

№	Аңың сипаты	Аң
	Маймақ, балды, бүлдіргенді жақсы көреді, қыста ұйықтайды	
	Құйрығы ұзын, құ	
	Терісі ақ, сұр, қорқақ	
	Мойны ұзын, биік жануар	
	Тікені бар, саңырауқұлақ жинайды	
	Кішкентай, сары, жаңғақ жейді	

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Атасы аюды сайысқа дайындаиды.		
2	Бүркіт, қабан, таутеке төреші болған жоқ.		
3	Қасқыр мен арқар, қоян мен борсық, аю мен қабан, барыс пен келес күреседі.		
4	Аю қоянды, барыс борсықты жеңеді де аю мен барыс шешуші сайысқа шықпайды.		
5	Барыс ептілік пен төзімділік көрсете алмады.		
6	Содан бері қазақша күрестен болатын сайыс барыстың атымен аталатын болды.		

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Бірде аю, жолбарыс, қасқыр, қоян, арқар мен борсық жарыс... (-ге, -қа, -ке) дайындалады. Ал барыс... (-ны, ты, -ті) жарысқа атасы дайындаады. Атасы барысты ептілік... (-на, -ке, -қа) үйретті. Барыс аю... (-пен, -мен, -бен) күреседі. Ол аю... (-ты, -ді, -ды) аяғынан шалады. Барыс ептілік... (-дың, -тің, -тың), төзімділік... (-дың, -тың, -тің) арқасында жеңіске жетті.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Әр сұраққа үш нұсқаның ішінен дұрыс жауапты тауып айт.

Бүркіт қандай сайыс өткізді?	Бүркіт «Қазақстан барысы» сайысын өткізді.
	Бүркіт «Кім құшті?» сайысын өткізді.
	Бүркіт «Кім тапқыр?» сайысын өткізді.
Барысты жарысқа кім дайындаады?	Әкесі барысты жарысқа дайындаады.
	Ағасы барысты жарысқа дайындаады.
	Атасы барысты жарысқа дайындаады.
Барыс қандай сайысқа қатысты?	Барыс қазақша күреске қатысты.
	Барыс жүзу сайысына қатысты.
	Барыс дзюдоға қатысты.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма.

Сөздерді пайдаланып, мәтін құра.


Қазақша күрес, жан-жануарлар жарысы, еп-тілік, тәзімділік, дайындалды, көп жаттықты, женімпаз, күресу, аяқтан шалу, барыс, аю, қоян, қасқыр, борсық, арқар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма.

Жұптық жұмыс. Жұмбақтарды кезекпен оқып, жауабын айтыңдар.

Жазда қыдырады,
Қыста тынығады.



Жол бойында жортқан,
Сыбызғысын тартқан.



Халық қу деп,
Қылған күлкі.
Айласы көп,
Бұл — не?

Тарғыл-тарғыл тас па?
Тастан бірақ басқа.
Мекені қамыста,
Бұл саған таныс па?

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма.

«Оймоншақ» ойыны

Топтағы оқушылардың әрқайсысы бір сөйлемнен айтады. Сөйлемдер арасында логикалық байланыс болуы керек.

Талап: Өздерің таңдаған жан-жануарды сипаттаңдар. Ол үшін төрт-төрттен топқа бөлініңдер. Топқа бөліну жолы: үстел үстінде аңдардың суреттері теріс аударылып жатады. Алған суреттерің бойынша топтасыңдар. Дайындыққа 3 минут беріледі. Қай топ дұрыс нәтиже көрсетсе, сол топ женімпаз атанады.

ЕСТЕ САҚТА!

Барыс қазақша күреске қатысады.
Аяқтан шалып құлатады.
Мен қазақша күреске қатысамын.

Тұлқі мен Қырғауыл



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

«Кекчиек-Горизонт»

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұраққа жауап бер.

1. Суретте қандай құс бейнеленген?
2. Ол құсты көрдің бе?
3. Осы құс туралы қандай ертегі білесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Улгіге қарап, сөйлем құра. Қою қаріппен берілген сөздерді алмастыр.

ЖАҢА СӨЗДЕР

қырғауыл, естімейді, заман, бұйрық, зорлық қылмасын, алды-артына қарамастан



Улгі: *ит мысыққа* зорлық қылмасын.

Ит-мысық; қасқыр-қой; түлкі-қырғауыл; түлкі-қоян; жолбарыс-елік.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Суреттерге қарап, сұраққа жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, ертегі не туралы?
2. Түлкі қырғауылға не айтып жатыр?
3. Түлкінің ойы қандай?



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

4 -тапсырма.

Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

Бір тулкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді. Қырғауылға жақындалап келеді де:

— Сәлеметсіз бе, қырғауылым! Халіңіз қалай? — дейді.

Қырғауыл:

— Жақсы, өзің қалай тұрасың? — дейді.

Тұлкі:

— Жерге түсіп, сөйлессеніз қайтеді? Бір құлағым естімеуші еді, — дейді.

Қырғауыл:

— Жерге түсуге қорқамын. Жерде әр түрлі аңдар бар. Бізді жеп қоюы мүмкін, — дейді.

Тұлкі:

— Әй, достым, қазір заман бұрынғыдай емес. Жаңа ғана келдім, бұйрық шықты. «Біреу-гі біреу зорлық қылмасын!» — депті. «Қой мен қасқыр бірге жүрсін, тұлкі мен тауық бірге жүрсін!» — депті, — дейді.

Қырғауыл:

— Жақсы хабарыңыз бар екен, рақмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр. Иттерге де хабарыңызды айтыңыз. Олар да жақсы хабарды естісін, — дейді.

«Ит» деген сөзді естіген соң тұлкі алды-артына қарамастан, қаша жөнеледі.

Қырғауыл:

— Қайда барасың, Тұлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? — дейді.

Тұлкі:

— Кім біледі, бұйрықты олар естімеген шығар, — дейді мінгірлеп.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөздер мен сөз тіркестерін сәйкестендір.

а	қырғауыл	1	естімейді
ә	құлағым	2	шықты
б	бұйрық	3	ағаштың басында отыр

а	қазіргі	1	зорлық қылмасын
ә	ешкім	2	қарамады
б	алды-артына	3	заман

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтінді оқып, мәтіннің мазмұнын ашатын тірек сөздерді теріп жаз. Оларды пайдаланып, сөз тіркесін құра.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Әр сұраққа үш нұсқаның ішінен дұрыс жауапты тауып айт.

Тұлкі қалың ағашты аралап келе жатып, неңі көрді?	Тұлкі қалың ағашты аралап келе жатып, қырғауылды көрді. Тұлкі қалың ағашты аралап келе жатып, қоянды көрді. Тұлкі қалың ағашты аралап келе жатып, кірпіні көрді.
Тұлкі: «Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді?» дегенде қырғауыл не деді?	Қырғауыл: «Жерге түсуге сенен қорқамын!» — деді. Қырғауыл: «Жерге түсуге аюдан қорқамын!» — деді. Қырғауыл: «Жерге түсуге қорқамын!» — деді.
Қандай бүйрық шыққан?	«Біреуге біреу зорлық қылмасын!» — депті. «Біреуге біреу тамақ бермесін!» — депті. «Біреуге біреу маза бермесін!» — депті.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазып, сөйлемді толықтыр.

Қажетті сөздер: аралап, әңгімелесейік, түспеді, отырған, жеп қояды.

1. Бір күні тұлкі қалың ағашты ... келе жатты. 2 . Ол ағашта ... қырғауылды көрді. 3. Тұлкі қырғауылға « ..., жерге түс!» — деді. 4. Қырғауыл жерге 5. Ол «аңдар» ... деп қорықты.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Оқиғаны ары қарай жалғастырып айт.

Бір тұлкі қалың ағашты аралап келеді. Ол қырғауылды көреді.

Қырғауыл ағашта отырады. Тұлкі қырғауылға: «Жерге түс!» — дейді. Қырғауыл түспейді. Қырғауыл неге жерге түспейді?

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап жаз.

1. Тұлкі қандай бүйрық шыққанын айтты?
2. Қырғауыл тұлкіге: «Бүйрықты нелерге айт!» — деді?
3. Тұлкі қайтті?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтінге жоспар құрындар.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Диалогті тыңдандар. Жұп болып, тұлкі мен қырғауылдың рөлінде қойылым жасандар.

Тауды мекендейтін аң-құс

11–12
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан тауларын мекендейтін қандай аң-құсты білесің?
2. Қызыл кітапқа енген аңдар мен құстарды білесің бе?

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сөздер мен суреттерді сәйкестендір.

1.



2.



3.



4.



6.



5.



7.



1. үкі 2. таушкі 4. арқар 6. ұлар 5. жапалақ 3. ақ тырнақты аю 7. құну

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінде оқы.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Тауда аң-құс көп. Кәдімгі қоңыр аюлар бар. Ерен-Қабырға (Тянь-Шань) тауын өте сирек кездесетін ақ тырнақты Тянь-Шань аюы мекен етеді.

Тауда түлкілер мен құнулар да бар. Бұл жақта қасқырлар да жүреді. Әдеттегі сұр қасқыр мен қызыл қасқыр да кездесуі мүмкін. Әсіресе сусар тұқымдастарға жататын аң түрлері көп. Олар — сусардың өзі мен соған ұқсайтын ақ тышқан. Тау биігінен тауешкілер мен арқарларды көруге болады. Бірақ барыстар азайып кеткен. Сондықтан барыстар «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген. Оларды мемлекет өз қорғауына алған.

Жылдан-жылға таутеке саны кеміп, көз алдымызда құрып барады. Ал құстарға тауда еркіндік мол. Орман ішінде қорек етіп, шоқитыны көп. Жартастарда ұларлар айқайлайды. Таңертеңнен кешке дейін Альпі ұзақ қарғалары қарқылдал жүреді. Қалың шырша ормандарынан жапалақты кездестіруге болады. Орманда жапалақтың жақын туысы — үкі де бар. Жапалақ пен үкі — тұнгі аңшылар. Олар тышқандарды жеп күн көреді. Тышқан секілді басқа да ұсақ кеміргіштерді жейді.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Әр сұраққа үш нұсқаның ішінен дұрыс жауапты тауып айт.

Ерен-Қабырға (Тянь-Шань) тауында өте сирек кездесетін қандай аң бар?	Ерен-Қабырға тауында жиі сирек кездесетін ақ тырнақты аю бар. Ерен-Қабырға тауында өте сирек кездесетін ақ тырнақты аю бар. Ерен-Қабырға тауында өте сирек кездесетін ақ тырнақты барыстар бар.
Тау биігінен нелерді көруге болады?	Тау биігінен бұркіттерді көруге болады. Тау биігінен қасқырды көруге болады. Тау биігінен қарғаларды көруге болады.
«Қазақстанның Қызыл кітабына» не енгізілген?	«Қазақстанның Қызыл кітабына» еліктер енгізілген. «Қазақстанның Қызыл кітабына» барыстар енгізілген. «Қазақстанның Қызыл кітабына» жабайы аңдар енгізілген.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Ақпаратпен келісесің бе, келіспейсің бе?

- Тауда түлкілер мен құнулар да бар.
- Бұл жақта қасқыр жоқ.
- Тауда сұр қасқыр мен қызыл қасқыр кездеседі.
- Сусар тұқымдастарға жататын аң түрлері көп.
- Тауда барыстар көптеп кездеседі.
- Сондықтан барыстар «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілмеген.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Дұрыс жауабын таңда.

1. Таутеке саны кеміп

а) жайнап барады

ә) көз алдымызда құрып барады

2. Орман ішінде құстардың

а) қорек етіп шоқитындары көп

ә) ұшатын жері көп

3. Жартастарда ұларлар

а) айқайлайды

ә) шақырады

4. Таңертеңнен кешке дейін Альпі

ұзаққарғалары

а) жарқылдап жүреді

ә) қарқылдап жүреді

5. Қалың шырша ормандарда

а) жапалақты кездестіруге болады

ә) жапалақтың жақын туысы

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жаз.

Құстар(-қа, -ға, -ге) тауда еркіндік мол. Олар(-ның, -тың, -дың) орман ішінде қорек етіп шоқитыны көп. Жартастар (-ге, -ға, -да) ұларлар айқайлайды. Таңертеңнен кешке дейін Альпі ұзаққарғалар(-і, -и, -ы) қарқылдап жүреді. Қалың шырша ормандарынан жапалақ (-ні, -ті, -ты) кездестіруге болады. Орман (-де, -да, -те) жапалақтың жақын туысы — үкі кездеседі. Жапалақ пен — үкі тұнгі аңшы (-да, -тар, -лар).

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Бір сөйлемге бірнеше сұрақ құрастыр.

Үлгі:

1. Жылдан-жылға таутеке саны кеміп, көз алдымызда құрып барады.

— Жылдан-жылға не кеміп барады?

— Жылдан-жылға кеміп бара жатқан — қандай аң?

— Көз алдымызда құрып бара жатқан — қандай жануар?

1. Құстарға тауда еркіндік мол. 2. Орман ішінде қорек етіп шоқитыны көп. 3. Жартастарда ұларлар айқайлайды. 4. Таңертеңнен кешке дейін Альпі ұзаққарғалары қарқылдап жүреді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтіннен өзіңе бұрыннан таныс аңдар мен құстарды бір бөлек, таныс емес аңдар мен құстарды бір бөлек теріп жаз. Олардың қайсысы сен тұратын жерде кездеседі?

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Тауда аюлардың қандай түрі бар?

2. Ерен-Қабырға тауында қандай аю өте сирек кездеседі?

3. Тауда тағы қандай аңдар кездеседі?

4. Тауда мекендейтін қандай аң «Қазақстанның Қызыл кітабына» енген?

5. Тауда тағы қандай аң азайып барады?

ЕСТЕ САҚТА!

Тауда аң-құс көп, Тауда қоңыр аю, тұлкі, сұр және қызыл қасқыр, сусар, тауешкі, арқар, барыс кездеседі.

Нәтиже сабак. Мен не үйренидім?

13—14
САБАҚ

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Диалогті рөлге бөліп оқындар.

Әлібек: Әнел, саған қандай аң ұнайды?

Әнел: Маған аю ұнайды. Ол сүйкімді. Аю құлпынай теріп жейді. Оған бал да ұнайды. Аюдың дауысы зор. Ол ақырады. Аю ұйықтағанды жақсы көреді. Олар қыс мезгілінде ұйқыға кетеді.

Саша: Маған қасқыр мен тұлқі ұнайды. Қасқыр — жыртқыш аң. Тұлқі өте қу. Ол көп алдайды. Қасқыр мен тұлқі ұлиды.

Әлібек: Мен барыс пен жолбарысты жақсы көремін. Олар биікке секіреді. Олар мысыққа ұқсайды. Барыс биік тауларда болады. Жолбарыс пен барыс ырылдайды.

Әнел: Саша, «Қазақстан барысы» турниріне бардың ба?

Саша: Иә, Әлібек екеуіміз бардық. Маған қазақ күресі ұнайды.

Әлібек: Мен қазақ күресіне қатысып жүрмін. Қазақ күресі барлығына ұнайды. Қазақстанда «Қазақстан барысының» әлемдік турнирі болады.

Әнел: Өте жақсы. Мен де сендермен турнирге барайыншы!

Саша: Жарайды.

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.


Кестедегі ақпараттың диалогке сәйкестігін тексер.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Аю құлпынай теріп жейді.		
Жолбарыс ұйықтағанды жақсы көреді.		
Аю қыста ұйықтайды.		
Қасқыр мен тұлқі ақырады.		
Барыс биік тауларда болады.		
Жолбарыс пен барыс ұлиды.		
Мен қазақ күресіне қатысып жүрмін.		

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Сұраққа жауап беріп, диаграмманы толтырып.



АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

«Қазақстанның Қызыл кітабына» енген аңдар туралы хабарлама дайында (өзіне ұнаған бір аңды таңда).

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрындар.

1. «Табиғатты қорғау одағы» қашан құрылды?
2. «Қазақстанның Қызыл кітабында» қандай деректер бар?
3. «Қазақстанның Қызыл кітабына» қазақ жерінде өсетін қандай өсімдік тіркелген?
4. Қазақ жерінде мекендейтін қандай жануарлар «Қазақстанның қызыл кітабына» тіркелген?
5. Біздің жерімізде өсетін қызғалдақтардың неше түрі «Қызыл кітапқа» енген?



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, «Көңілді хайуанаттар бағы» тақырыбында әңгіме құрастырып жаз.

Tіrek сөздер: хайуанаттар бағы, жануарлар, арыстан, жолбарыс, барыс, маймыл, тиін, бұтақтан бұтаққа секіреді, керік, піл, қасқыр, қоян, аю, құшті, көнілді, ақырады, ұлиды, ырылдайды, қу.

Көшпелілер тұралы түсінік

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерге қара. Бұл суреттер саған қандай ой салды?



ЖАҢА СӨЗДЕР

көшпелілер, өркениет

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Ассоциограмма». «Көшпелілерге» қатысты өзің білетін сөздерді жазып, диаграмманы толтыр.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Полилог. Берілген мәтінді оқыңдар. Ол туралы ой бөлісіндер. Ойбөлісте жіктеу есімдіктерін орынды қолдан.

Парсы сарайында ұзак уақыт түрған Ксенофонт сақтар туралы мына оқиғаны жазған: «Парсы патшасы ат жарысын ұйымдастырды. Жарыста сақ жігіті оза шығып, мәреке бірінші болып жетті. Парсы патшасы жігітке патшалығын атқа айырбастауды ұсынғанда ол бас тартып, атын ержүрек адамның алғысына ғана бере алатынын мәлімдеді».



ТІЛДІК БАҒДАР

Есімдік

Есімдік — заттың атын, сынын, санын білдіретін сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктердің нақты мағынасы өздерінен бұрын айтылған сөлемеге

немесе сөзге қарай анықталады. Есімдіктер қай сөз табының орнына жүрсе, сол сөз табының сұрағына жауап береді. *Мысалы:* Ол (кім?) — Ол — Қанат.

Мағыналарына қарай есімдіктер жеті топқа бөлінеді:

1. жіктеу есімдіктері;
2. сілтеу есімдіктері;
3. сұрау есімдіктері;
4. өздік есімдіктері;
5. белгісіздік есімдіктері;
6. болымсыздық есімдіктері;
7. жалпылау есімдіктері.

Есімдік

Мағынасына қарай

Жіктеу есімдігі: *мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар т.б.*

Сілтеу есімдігі: *бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, әне т.б.*

Сұрау есімдігі: *кім? не? қандай? қай? қашан? қайсы? т.б.*

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

«Кекж



сы

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсирма.

Мәтінді тыңда. Оқы: «Жигсо» — «Бөлшекте, жинақта!».

Сынып үш топқа бірігеді. Әр топтағы оқушылар №1, №2,

№ 3 түрінде белгіленеді. 1-кезеңде әр топтағы балалар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлеріне сәйкес бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін белгігін мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да жалпы мәтіннің мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайтынын алдында қорғайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сыныптың алдында қорғайды.

Көшпелілер деген кімдер?

1. **Көшпелілер өркениеті** — мал шаруашылығымен айналысадын, белгілі бір қалыптасқан жүйемен **көшіп-қонып тіршілік ететін** адамдардың қауымдастыры, өркениеті. Көшпеліліктің шығуына географиялық орта мен ауа райы әсер етті. Көшпелілік белгілі бір геофизикалық, табиғи-климаттық **аймақтарда** қалыптасады. Бұл қандай аймақтар, олардың экологиялық жүйесі қандай? Әдетте, бұл — **далалы, жартылай шөлейт**, шөл және құрғақ далалар, тау бөктері, тау қойнаулары. Мұндай жерде көбінесе жаңбыр аз, жылдық **ылғалдың** мөлшері 200-400 мм арасында ғана болады. Осындай аймақтарға Қазақстан да кіреді.

2. Көшпелі өмір салты ол халықтарды табиғатқа жақын болуға, табиғатты қадірлеуге, оның сироны тануға **мұдделі етті**. Сондықтан көшпелі елдерде «жабайы табиғат» деген ұғым мұлде жоқ. Көшпелілердің табиғат аясындағы өмірі жайында тарихшылар, философтар, орта ғасыр ойшылдары **тамсана жазды**.

Сақтар туралы өзге елдердің зерттеушілерінің құнды **жазбалары** сақталған. Олар көшпелілерді «рухы биік, жаны таза, бейбітшілік сүйгіш, әділ, батыр, ұйымшыл халық» деп бағалады. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген тарихшы Геродот көшпелі скиф-сақ тайпаларын мадақтап жазды.

3. Алайда, көшпелілер туралы теріс түсініктер бұрын да, кейін де кездесіп отырды. Көне Қытайда «көшпелілер — **жабайы**, мәдениеттің қас жауы» деген түсінік қалыптасты. Еуропада да көшпелілерді «**тағы**, жабайы, өркениеттің жауы» деп есептеді. Себебі сақтар **соғыс өнеріне жетік**, жауынгер, батыр, ержүрек халық болды, сондықтан айналасындағы көршілөрі олардан қауіптеніп отырды. Ал кеңестік идеология көшпелілер туралы мұлде **кері көзқарас** қалыптастырды. Өйткені бұл саясат кез келген халықтың тарихын, дәстүрі мен мәдениетін **жоюды мақсат етті**.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын дәптеріңе жаз. Сол сөздердің антонимдерін айт.

ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Төменде берілген сөйлемдерді толықтырып оқы. Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін тап.

1. Көшпелілер өркениеті — , көшіп-қонып тіршілік ететін адамдардың қауымдастыры.
2. Көшпеліліктің шығуна эсер етті.
3. Далалы, жартылай шөлейт, шөл Қазақстан да кіреді.
4. Көшпелі өмір салты ол халықтарды табиғатқа жақын болуға, Табиғатты қадірлеуге мүдделі етті.
5. Көшпелі елдерде «.....» деген ұғым мүлде жоқ.
6. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген көшпелі скиф-сақ тайпаларын мадақтап жазды.
7. Көне Қытай мен Еуропада «.....» деген түсінік қалыптасты.
8. Себебі сақтар,, халық болғандықтан, айналасындағы көршілері олардан қатты қауіптеніп отырды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша тірек сөздерді анықта. Олардың синонимін, антонимін тап. Сол сөздерді кірістіріп, мәтін мазмұнын қысқаша жаз, айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Кесте бойынша мәтіннен жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін теріп жаз.

Жіктеу есімдігі	Сілтеу есімдігі	Сұрау есімдігі

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Аквариум». Жағдаяттық тапсырма. Шетелдік досың сенен ежелгі көшпелілер туралы сұрады. Осы жағдаятты парталасынмен рөлдік ойын түрінде көрсет. Сынып ең үздік әрі сәтті диалогті анықтасын. Диалогте жіктеу, сұрау, сілтеу есімдіктерін қолданыңдар.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Суретке қара. Көшпелілердің өмірі көрсетілген суреттегі табиғат пен адамдарды сипаттап жаз. Мәтінде синоним сөздермен есімдіктерді қолдан.



«Көшпенділер»
Кульбатырова Рашида

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Төменде берілген мәтінді оқып, жартылай көшпелілер мекенде-ген аймақтарды анықтаңдар. Сол бойынша «Көшпелілер мекендеғен аймақтар» тақырыбында Қазақстан картасын постер түрінде жасаңдар. Жасаған постерді сынып алдында қорғаңдар.

Қазақстан шеңберінде көшпелілік қалыптасқан аймаққа Каспий маңы ойпаттары, Үстірт, Торғай, Жем жоталары, Бетпақдала, Балқаш маңы да-лалары, Сарыарқа, Қызылорда, Қарқаралы, Қоғамдастыру жоталары, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар, Іле Алатауларының тау беткейлері мен таулы өлкелері жатады. Бұл аймақтардағы өзен-сулардың маңайында, әсіресе осы аймақтар мен отырықшы-егінші мәдениеттер шегараларында маргиналдық аймақтар қалыптасқан. Оларға — жартылай көшпелі шаруашылық-мәдени түрпат. Мұндай аймақтарға Сырдың бойы, жартылай Ертістің, Тобылдың, Есілдің, Жайықтың бойлары, Жетісу, Шығыс Қазақстанның таулы және тау бөктерінің кейбір алқаптары, Арайдың маңайы жатады. Жоңғар, Іле, Қырғыз Алатауындағы тау бөктерінде жылына 500 мм-ден астам ылғал түседі. Бұл өнірлерде, әсіресе өзен-көл суларының маңайында ежелден егіншілік пайда болып, отырықшы мәдениет қалыптасқан. Құнарлы топырақты, ауа райы қолайлы болған Сыр бойы, Шу, Талас аймақтарында қола дәуірінен бастап-ақ егіншілік дамып, орта ғасырларда қала мәдениеті дамыды. Дегенмен осы егіншілік, отырықшы мәдениет қалыптасқан аймақтардың өз ішінде де мал шаруашылығы егіншілікпен қатар дамып, бұл өнірлердің шаруашылық-мәдени түрпаты жартылай отырықшы, жартылай қөшпелі болған. Әр заманда ауа райының өзгеруіне, тарихи-саяси, этномәдени ахуалдарға байланысты бұл өнірлерде бірде отырықшы, жартылай отырықшы егіншілік шаруашылық қалыптасса (мөлшермен VI-XIII ғасырлар), енді бір замандарда жартылай қөшпелі, кей аудандарында тіпті қөшпелі шаруашылық-мәдени түрпат қалыптасты.

Кошкелілер – жауынгер халық,

3–4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Сақтар туралы берілген мәліметтерді оқы.
Оның ішінен жалпы есімдерді тап.



Райымбек батыр
(1705—1785)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мұғалімнің көмегімен айтылған
пікірлердің мазмұнын түсініңдер.
Олардың ішінен қалағандарында
жазып алындар. Айтылған ойды
талданадар.

ЖАҢА СӨЗДЕР

данышпан, аттылы, садақ
атқыштар, баспана, билігін
берген

Жауынгер сақтар жайлы тариҳшылар не айтады?

- I. Парсы жазбаларында: «Құдіретті ерлер».
- II. Иран жазбаларында: «Жүйрік атты турлар».
- III. Грек жазбаларында: «Азиялық скифтер батыр, дұшпанға қатал, досқа адад».
- IV. Грек тариҳшысы Ктесий: «Сақ әйелдері ержүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлерге көмек көрсетіп, ұрысқа араласады».
- V. Ежелгі сақ философи Анақарыс (Анахарисис): «Сен асыл тастарында лақтырып тастанап, садақ пен қорамсақты ғана асынып, сақтардың ішінде өмір сүрсөн, сен де мен сияқты еркіндікте жүрер едің».

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Дереккөздерден сақтар туралы ақпарат тауып, олардың жауынгерлігіне қатысты постер жасаңдар. Оны сыныптың алдында қорғаңдар. Постерде сілтеу есімдіктерін дұрыс қолданындар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы: «Жигсо» — «Бөлшекте, жинақта!». Сынып үш топқа бірігеді. Әр топтағы оқушылар №1, №2, № 3 түрінде белгіленеді. 1-кезеңде әр топтағы балалар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлеріне сәйкес бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да мәтіннің мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сыныптың алдында қорғайды.



«Царь Саков» А. Дузелханов

1. Сақтар мемлекетінде жауынгерлердің, әсіресе **қолбасшылар** мен батырлардың орны жоғары болды. Одақты сақ **көсемдерінің кеңесі** сайлаған патшалар биледі. Тайпа көсемдерін тайпа мүшелері сайлады. Сақ қоғамы үшке бөлінді: әскерлер, абыздар, ру мүшелері (егіншілер, малышылар, қолөнершілер және т.б.). Патша мен әскер көсемдерін тек қана әскер тобынан сайлады. Адамзат дамуының бүл кезеңін «Әскери демократия» деп атайды. Сақ жауынгерінің қару-жарағы мен сауыт-сайманы түгел болған. Еуропада мұндаидар қарулар орта ғасырларда ғана пайда болды.

2. Геродот: «Біз білетін халықтардың барлығынан да скиф халқы данышпан... Өздері разылық етпесе, олардың еліне басып кірген ешбір жау сақтарды жаулап ала алмайды. Олардан қашып та құтыла алмайды. Өйткені скифтердің қаласы, қамалы жоқ. Баспанасын өздерімен ала жүреді, барлығы аттылы, садақ атқыштар; олар женімпаз. Ешкім жене алмайтын болмағанда қайтеді! Скифтер өздерін де, аттарын да **сауытпен** қорғаған», — деп жазған.

3. Мына бір қызықты деректі қараңызшы: «Скифтер соғыста парсыларды әбден шаршатқаннан кейін Иданфирс Дарийға тарту ретінде құс, тышқан, құрбақамен садақтың оғын жібереді. Бұл тартудың **шешуін** Дарий: «Құс ауаны, тышқан жерді, құрбақа суды мекендейді ғой. Скифтер маған үшеуінің билігін берген екен. Садақтың оғы — скиф ерлігінің белгісі, оны сыйлағаны — маған **бас игені**» — деп, өзі үшін жақсылыққа жориды. Бірақ Дарийдің уәзірлерінің бірі — Гобри бұл жұмбақ тартудың мағынасын: «Сендер, парсылар, құс болып аспанға ұшып, тышқан болып жерге кіріп, құрбақа болып теңізге түсіп кетпесеңдер, біздің садағымыздың оғынан құтыла алмайсыңдар!» дегені болар, — деп басқаша шешеді. Көп ұзамай жұмбақ тартудың мағынасы шынында да осындай болғанына көзі жеткен Дарий патша: «Бұл жерден аман кетуді **ойлау керек** екен», — деп скиф жерінен көшіп кетеді.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын сөздіктен қарап, дәптеріне жаз.



АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мұғалімнің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын түсініп алыңдар. Мәтіннің мазмұнынан суреттерге қатысты сөйлемдерді табыңдар. Сақтардың жылқысын суреттеп айтыңдар. Антоним сөздерді қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтін мазмұнына байланысты 5 сұрақ жаз. Сұрақтарында сілтеу, жіктеу, сұрау есімдіктерін қолдан.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтіннің үшінші бөлігі бойынша сақналық көрініс дайындаңдар. Оны сыныпта көрсетіндер.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимдерін, антонимдерін тауып жазындар.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Мәтін мазмұнына байланысты жазылған сөйлемдердегі жалған ақпараттарды тауып, дұрыста.

1. Сақтар мемлекетінде қолбасшылар мен батырлардың орны жоғары болды. Одақты сақ көсемдерінің кеңесі сайлаған жауынгерлер биледі. Сақ қоғамы төртке бөлінді: әскерлер, абыздар, егіншілер, малышлар. Сақ жауынгерінің темір қару-жарағы мен сауыт-сайманы түгел болған. Еуропада мұндай қарулар ежелгі дәүірлерде пайда болды.

2. Геродот: «Біз білетін халықтардың барлығынан да скиф халқы данышпан... Өздері разылық етпесе, олардың еліне басып кірген ешбір жау сақтарды жаулап ала алмайды. Олардан қашып құтылу мүмкін. Өйткені скифтердің қаласы, қамалы көп. Скифтер өздерін де, аттарын да, сауытпен қорғаған», — деп жазған.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

«Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Әр торға сақтарға қатысты өзің білетін сөздерінді жазындар. Есімдіктерді қолданындар.

Өмір сүрген аймағы	Әскері	Батырлығы

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Дереккөздерден Астанадағы Ұлттық мұражай туралы материалдарды тауып, оның ішінен сақ дәуіріне қатысты мәліметтерді оқы. Сол мәліметтердің негізінде «Ұлттық мұражайға келіңіз!» тақырыбында шағын жарнама мәтінін жаз. Жарнамада негізгі сын есімдерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма. «Синектика».

Өтілген сабактардағы мәліметтерге, дереккөздерден алынған ақпараттарға сүйене отырып, сақ жауынгерінің атынан өзіңің сыныптастарыңа арнап хат жаз. Хатта ерлік, елді қорғау туралы айтылсын. Хат мәтінінде екі мақал-мәтел пайдалан. Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін қолдан.

Тұмар (Томиғис) тұралы аңыз

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерге қара. Олардың көшпелілерге қандай қатысы барын айт. Әр затқа сипаттама бер. Сөзінде сын есімдерді қолдан.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Төменде берілген өлеңді жазып, жаттап ал.

Тарихы терең теңізден,
Ерлікпен заты егіз де!
Сақтарды егер іздесен,
«Жаужүрек халық!» — деп ізде!

Болмысы лайық атына,
Тектілік сіңген затына.
Болыпты адап сақ жүртү
Дос түгіл, жау мен жатына.
(С. Раев)

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

Сақ **патшайымы** — Тұмардың (ж.ж.с.д. 570—520) есімі ежелгі жазбаларда «Томирис» деп көрсетілген. Тұмар — массагеттердің патшайымы, скиф халқының көсемі — Ишпақайдың ұрпағы, скифтердің патшасы — Мадийдің шебересі, массагеттердің патшасы — Сыпирдың қызы. Патшайымның анасы Томиристің саби шағында **қайтыс болады**. Кішкентай қызды әкесі **тәрбиелейді**.

Томирис бала кезінен әскери іс-қымыл мен қару-жарақ пайдаланылатын ортада өскен. Әкесімен бірге жаулардан бірнеше рет **қашып құтылған**. Ал бес жасынан бастап асау атқа мініп жүрген. Алты жасында қолына ақинақ — қысқа **семсер** ұстап, соғыс өнеріне жаттыға бастаған.

Парсылардың Кир патшасын жеңген соң Томиристің аты тарихта қалған. Кир патша шығыстағы массагеттерді жаулап алуды қөздеген.

Алдымен, Кир көшпенділер еліне елші аттандырады. Олардың патшайымы — Тұмардың өзіне тұрмысқа шығын сұрайды. Осылайша Кир массагеттермен соғысуға сылтау іздейді. Тұмар Кир патшаның (ж.ж.с.д. 558—530) ұсынысын қабылдамайды. Осыны сылтау еткен Кир жауынгерлерін шығысқа қарай аттандырады. Аракс дариясына жетіп, үстінен **қалқыма** көпірлерді құруға, кемелердің кермесінде **мұнара** қамалдар тұрғызуға әмір етеді.



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен дәптеріңе жаз. Олардың синонимдерін тап.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі әр ой бөлігін түсініп оқы. Сол ой бөлігіне тақырыпша қой.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына байланысты 7 сұрақ жаз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнын өз сөзінмен қысқаша айт. «Тұмар патшайым кім?» деген сұраққа жауап бер, оны сызба түрінде жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтін бойынша тәмемдегі кестені толтыр.

Кім?	Не?	Қандай?	Не істейді?

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтіннің екінші абзацындағы пікірге байланысты өз ойынды жаз. Антоним сөздерді қолдан.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Диалог. Жағдаят: Інің қазақ тілі мұғалімі Сақ патшалары туралы мәтін жазып келуді тапсырғанын айтып, ақыл-кеңес сұрады. Ініңе кеңес бер. Парталас көршің екеуің осы жағдаятты көрсетіңдер. Сынып ең маңызды кеңестің иесін анықтасын.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Берілген мәтіндегі ойды осыған дейінгі алған білімдеріңмен толықтырып, кеңейтіп жазындар.

Уш мың жыл бұрын Қазақ даласында атақты арғы аталарымыз — қуатты сақ тайпалары өмір сүрген. Гректер оларды «кентаврлар» (ежелгі грек аңызындағы ат басты адам) деп атап, оларды аңыз қылған. Көне грек тарихшысы Геродоттың айтуынша, әйгілі Геракл да сақ тайпасынан шықкан. Сақтардың жерін ешкім жаулап ала алмаған. Дұшпандар сақ әйелдерінен қатты қорқатын, өйткені олар ерлермен тең дәрежеде соғысқан.

Ақыз патшайым

7—8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлем тарихында ерлікпен даңқы шыққан қандай әйел патшаларды білесің?
2. Ел ішінде аты ақызға айналған қандай дана әйелдерді білесің?
3. Қазақ халқының қандай ержүрек жауынгер қыздарын білесің?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Өлеңді оқы, жаз, жаттап ал.

Әлемге даңқы тараған,
Аузына жұрты қараған.
Томирис — сақтың патшасы,
Ержүрек әрі дана жан!

Көркіне ойы сай келген,
Ешкімді оған теңгермен.
Падишасы өрліктің
Тарихқа ғажап өң берген!
(С. Раев)

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Сақ даласын жаулап алуға келген парсылардың әр қадамын біліп отырған Тұмар олардың дариядан өту үшін **көпір** салғалы жатқанын естиді. Ол Кирге арнайы **жауышы** жіберіп: «Мадилардың патшасы! Ниетінен қайт. Өз патшалығыңа бар да билігінді жүргізе бер!». Бізді **күндеңе!** Бәрібір соғыспай қоймаймын десен, көпір салып, уақыт өткізіп, әуре болма! Дарияның бер жақ бетіне шығып соғысамын десен, үш күншілік жерге **шегініп**, жол ашайық. Дарияның ар жағында соғысамын десен, үш күншілік жерге шегін. Қалауыңа қарай өзің шеш!», дейді.

Кир патша Тұмарды соғысуға шақырады. Массагеттер уәделерінде тұрып, үш күншілік жерге шегінеді. Олар кеткеннен кейін Кир бүкіл әскерін дарияның арғы бетіне өткізеді. Массагеттердің шабылдаушы тобын алдап қолға түсіріп, түгел өлтіреді. Осы шабуылшы топтың басшысы, Тұмардың ұлы — Спаргалты (Спаргапис) **тұтқындаиды**. Сүйікті ұлы мен жауынгерлері туралы хабар алған Тұмар Кирге жауышы жіберіп, оған өзінің соңғы сөзін жеткізеді:

«Қанқұмар Кир! Сен менің ұлымды ашық айқаста қару құдіретімен жеңген жоқсың. Шарап ішкізіп, алдаң, тұтқын еттің. Енді менің ақылымды тыңда: ұлымды өзімे қайтарып бер де есен-сауында жөнінді тап! Өйтпесең, Тәңірі атымен ант етейін, адам қанын сусының қанғанша ішкіземін!»

Кир өзінің шайқасатынын айтып, Тұмардың жауышын кері қайтарады.

Осы кезде тұтқынға түскен Тұмардың ұлы намысқа шыдай алмай, өзін-өзі өлтіреді. Бұл хабар Тұмарға жетеді.

Келесі күні екі жақтың арасында бұрын-сонды **көз көріп, құлақ естімелеген** сұрапыл қырғын соғыс басталады. Ақырында массагеттер парсылардың әскерін түгел дерлік жояды. Кирдің өзі де жауынгерлерімен бірге **айқас алаңында** қаза табады.

Аңыз бойынша шайқас аяқталған соң, Тұмар **сар-баздарына** Кир патшаның денесін таптырып, алып, басын кестіріп, қан толтырылған меске салады да: «Қанға құмар едің, сусының қанғанша іш!» — деп, mestі парсы еліне беріп жібереді.

(Б. Адамбаев)



«Томирис патшайым». Mattia Preti (1613—1699). 1672 жылы салынған сурет

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын сөздіктен қарап, дәптеріне жаз.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіннің әр ой бөлігіндегі оқиғаны баяндаңдар. Мәтіннің мазмұнына сай атқойындар.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына байланысты 5 сұрақ жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұнының негізінде төмендегі диаграмманы толтырыңдар. Ойларыңды ауызша айтыңдар.

Тұмардың әрекеті:

Кирдің әрекеті:

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Оймоншақ»

Шеңбер құрып тұрындар. Алдыңғы сабақта, осы сабақта берілген оқу мәтіндерінің негізінде «Аңыз патшайым» тақырыбында оймоншақ тізіндер. Ол үшін Томирис туралы бір оқушы бір сөйлем айтсын. Қалғандары оны ары қарай жалғап, біртұтас мәтін құрап шығуы керек. Кім ойды жалғастыра алмаса, ол шеңберден шығады. Ойын соңында айыптылар өз өнерлерін көрсетеді.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтіннен айтылуы мен жазылуы бөлек сөздерді теріп жазып, кестені толықтыр. Себебін түсіндір.

№	Жазылуы:	Айтылуы:
1	көпір	көпүр
2		
3		
4		
5		
6		

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Рөлдік ойын. Жағдаят: Сен Сурет галереясының гидісің. Сурет галереясын аралап жүрген бір келуші 1672 жылы Mattia Preti салған «Томирис патшайым» атты суретті (мәтін ортасында тұрған) көріп, таңғалды. Ол сенен сурет пен суретші жайында сұрады. Оған жауап беру үшін алдын ала дереккөздерден сурет пен суретшіге қатысты ақпарат жинаңдар. Жағдаятты сыныптың алдында көрсетіндер. Сынып ең үздік гидті анықтасын.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтінді оқындар, оны ары қарай жалғастырып, кеңейтіп жазындар.

Мен осы тақырыпты оқу арқылы әлемге даңқы тараған ержүрек патшайым — Томирис туралы білдім. Томирис — сақтың патшайымы. Бейбіт өмірді қалайтын патшайым парсының патшасы — Кирді келісімге шақырады.

Алтын адам



МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Мына сурет таныс па? Ол тұра-лы не білесің?
2. Қазақстан жерінен осындай мұраның нешеуі табылған?
3. Бұл — қай заманның ескерткіші?



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Дереккөздерден Алтын адам туралы ақпарат тауып, мәліметтер жина. Сол материалдар бойынша республиканың шағын қалаларында жылжымалы көрме өткізілетіні, онда Алтын адам экспонаты бар екені туралы қысқаша хабарландыру мәтінін жаз.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

ЖАҢА СӨЗДЕР

әшекей, бедерленген,
құйма алтын, құмыра,
алқа

Ежелгі көшпелілердің өнері мен мәдениетінде алтыннан **түйін түю**, қола **құйма әдістері** ең жоғарғы жетістікке жетті. Оған археологиялық қазбалардан табылған асыл заттар күә. Соның бірі — украин археологтары тапқан скиф қорғанының әртүрлі алтын **әшекей заттары**. Заттар Толстая могила қорғанынан шыққан. Оның ішіндегі ең құндысы — пектораль алқа. Пектораль — өте нақышты, нәзік соғылған әшекей. Ол скифтердің **ғарыштық ой жүйесін** бейнелейді. Алтын әшекейдің төменгі бөлігінде о дүние, өлім табиғаты, **бедерленген**, ал жоғарғы жағы адамдар өмірінен сыр шертеді.

Екінші бір айта кетерлік дүние — Қырымдағы Күл-Оба қорғанынан табылған алтын **құмыра**. Сағ алтыннан, құмістен құтылар жасалған. Құмырада скиф жауынгерлерінің бейнесі бедерленіп, өрнектелген.



Бүкіл Еуразияның байтақ даласын күн шуақты, алтынды аң тәсілді өнерімен көмкерген сақтар кейінгі ұрпағы мақтанарлықтай өлмес мұралар қалдырыды. Соның бірі — әлемді елең еткізген, біртума ескерткіш — Есік қорғанынан табылған **Алтын адам**. Обада жерленген мәйіттің басынан аяғына дейін **алтынмен аталған**. Киім киісіне қарағанда, оның патша сарайының мүшесі не тайпаның **кесемі** екені байқалады. Алтын адамның киімі — әлемде теңдесі жоқ, адамзат тарихындағы ғажайып өнер туындысы. Қазіргі таңда Қазақстан жерінен жеті алтын адамның табылуы — әлемдік сенсация! Ол бұйымдардың жасалу технологиясы әзірге құпия қүйінде қалып отыр. Бұлар — құнды археологиялық олжағана емес, көшпелілердің жоғары мәдениеті мен тарихының белгісі! Бұл мұра — ұлттық тарих пен мәдениеттің алтын тұғыры.

Сақтардың Қазақстан аумағындағы ғана емес, Еуразия құрлығындағы ең көне мемлекеттігінің (б.з.д. VIII ғ.) жәдігерлері. Шілікті даласында зерттелді. Ұзын саны 200-ден астам сақ-үйсін мәдениетінің ескерткіштері табылған бұл **жазықта** сақ патшаларының қырықтан астам **обасы** бар. Соңғы кезде үш ірі патшаның обасы зерттелді. «Бәйгетебе» деп аталатын обадан алтын киіммен жерленген ертедегі сақ патшасының мурдесі ашылды. Оба ерте заманда-ақ тоналып кеткен екен. Тоналғаннан қалған алтын түймелер, қаптырма әшекейлер мен **зергерлік бұйымдар** саны 4000-нан асады.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын сөздіктен қарап, дәптеріңе жаз. Сілтеу есімдіктерін теріп жаз.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтіннің әр ой бөлігіндегі ақпаратты талдаңдар. Сол ой бөлігіне тақырыпша қойындар. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрындар.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтіннің мазмұнына байланысты бір-біріңе сұрақ жазыңдар, жауап беріңдер.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұнының негізінде тәмендердің сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

Пектораль — өте нақышты, ... соғылған әшекей. Ондағы бейнелер скифтердің ... ой жүйесін бейнелейді. Алтын әшекейдің тәменгі бөлігінде о дүниені, өлім табиғатын, оның қасіреті ... , ал жоғарғы жағында ... өмірінен сыр шертеді. «Алтын адам» ... қорғанынан табылған. Алтын адамның киімі — әлемде ... жоқ, адамзат тарихындағы ... өнер туындысы. Қазіргі таңда Қазақстан жерінен ... Алтын адамның табылуы — әлемдік сенсация! Алтын түймелер, қаптырма әшекейлер мен зергерлік бұйымдардың саны ...-нан асады.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Топтық жұмыс. «Оймоншақ». Парта бойынша мәтіннің мазмұнын ретімен айтыңдар. Сөйлем құрай алмаған оқушылар өнер көрсетеді.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Сөздерді тіркестіріп жаз. Құрамынан сын есімдерді тап.

1	Ежелгі көшпелілердің	жасалу технологиясы күшті.	1	Алтыннан, қымбат металдан	гарыштық ой жүйесін бейнелейді.
2	Пектораль — скиф заманындағы	өте нақіл соғылған алқа.	2	Нақышты, әшекей бейнелер —	гажайып өнер туындысы.
3	Ол бұйымдардың	алтын құмыра табылды.	3	Зергерлік бұйымдардың саны	куйінде қалып отыр.
4	Алтын адам киімінің	өнері мен мәдениеті өзгеше.	4	Әзірге құпия	түйін түйген.
5	Қырымдағы Күл-Оба қорғанынан	әлемде теңдесі жоқ.	5	Адамзат тарихындағы	4000-нан асады.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Сабакта алған мәліметтерге сүйеніп, «Көшпелілердің ғажайып мұрасы» тақырыбында ойтолғау жаз.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Ақпарат көздерінен Алтын адамға қатысты материалдар жинап, тұсаукесер өткізіңдер. Тұсаукесерді сынып алдында қорғаңдар. Пікір алмасындар.

ОҚЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Мәтінді оқыңдар. Диаграмманы толтырыңдар.

Сақтар мен сарматтардың өнерінде аң стилі деген өзіндік бейнелеу өнері болған. Б.з.б. VII—VI ғасырларда шыққан аң стилінде жасалған бұйымдар Орта Азия, Қазақстан, Сібір, Оңтүстік-шығыс Еуропа аумағында табылды. Көшпелілер алғашқы бол күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар мен тұтыну бұйымдарын жасаған. Үзенгіні алғаш рет көшпелілер қолданған. Ауыр, тұзу семсердің орнына қайқы қылышты алғаш жасаған. Ерлердің шалбарын көшпелілер өте ерте кезде ойлап тауып, бірінші болып киген. Алғашқы бол алтын киім киген, алғашқы бол ат әбзелдерін алтынмен атап, күміспен құптеген. Алғаш рет тағы жылқыны қолға үйреткен.



Нәтиже сабак. Мен не үйренидім?

11 – 12
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

«Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Әр торға тиісті сөздерді жазыңдар.

Томирис патшайым	Кир патша	Алтын адам	Сақ жауынгери

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Оймоншақ». Шарты: сынып бес топқа бөлінеді. «Ежелгі көшпелілер мәдениеті» бөлімінде өтілген тақырыптар жазылған қағаздың бірін таңдал алып, топ өздерінің білгендерін тұтас мәтін түрінде айтып шығуы тиіс. Ол үшін бірінші оқушы сөйлемді бастайды. Қалған балалар бірінен кейін бірі сол ойды ары қарай жалғастырып, тақырып бойынша алған білімдерін көрсетуі тиіс. Сынып ең мәнді әрі дұрыс мәтін құраған топты анықтайды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Тұмар — аңыз патшайым» тақырыбында постер жасаңдар. Оны сынып алдында қорғаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. «Ежелгі көшпелілер мәдениеті» тақырыбынан өткен материалдарды қорытып, сөзжұмбақ құранғар. Сөзжұмбақтың ортасындағы тірек сөз ТОМИРИС болсын.

ЕСТЕ САҚТА!

Сақ — жауынгер халық. Олардың мәдениеті өте жоғары болған. Сақ қыздары да ержүрек болған. Томиристің ерлігі — адамзат тарихындағы ерекше ерлік. Көшпелілер әлемде теңдесі жоқ мұралар қалдырған.

Сусыз өмір жок

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Судың ерекшелігіне байланысты берілген сөздерден сөз тіркестерін құра. Сын есімдердің түрін ажырат.

- Не? (су)
- Қандай? (мөлдір, түссіз, ащы, тұшы)
- Тұрлери (мұхит, өзен, көл, теңіз, қар, мұз, жауын-шашын, бұлт, бұлақ)
- Пайдасы (өсімдік, жануарлар, көлік, тазалық, ауызсу)
- Зиян заттар (өндіріс қалдықтары, қоқыс, шайынды сулар)

ЖАҢА СӨЗДЕР

үнемдеу, сұрауы бар, аштық, шөл

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суды біз қайда, қалай қолданамыз? Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құра.



Қажетті сөздер: суару керек, жайқалып есу, су ішу, өмір сүре алмау, җүру, жуыну.

ТІЛДІК БАҒДАР

Сан есім

Сан есім заттың санын, ретін, мөлшерін білдіреді. *Неше? Қанша? Нешінші? Нешеу?* деген сұрақтарға жауап береді. Сан есімнің

түрлері: *есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік, болжалдық, топтай.*

Сан есімнің түрлері	Сұрағы	Мысалы:
Есептік сан	Неше? Қанша?	Бір, екі, он сегіз, отыз үш т.б.
Реттік сан есім	Нешінші?	Бір+інші, екі+інші, үш+інші, төрт+інші т.б.
Жинақтық	Нешеу?	Бір+еу, алты+ау, жеті+еу т.б.
Болжалдық	Қанша? Неше? Қай шамалы?	Жұз+деген, он+даған, мың+дап, елу+леп, отыз бес+тер+де, жетпіс-сексен, жұз-жұздеген т.б.
Топтай сан есімдері	Нешеден? Қаншадан?	Бір+ден, екі-екі+ден, үш+тен, алты+дан, он-он+нан т.б.
Бөлшектік сан есім	Неше? Қанша? Нешесі? Қаншасы?	½ — екі+ден бір, 2,5 — екі жарым, 2,5 — екі бүтін оннан бес т.б.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Рөлге бөліп оқындар.
Түсінгендерінді айтындар.

- Досым, сен судың не үшін керек екенін білесің бе?
 - Әрине, білемін. Сусыз өмір жоқ.
 - Не себепті олай ойлайсың?
 - Себебі су адамдарға, аң-құсқа, өсімдіктерге қажет. Сусыз тіршілік болмайды. Адам сусыз өмір сүре алмайды.
 - Сен «Судың да сұрауы бар» деген мәтелді қалай түсінесің?
 - Суды бостан-босқа ағызбау керек. Суды үнемдеп қолдануымыз қажет. Су — өмірдің байлышы.
 - Иә, суды үнемдеп қолданған дұрыс. Біз суды өте көп ағызамыз.
 - Суды үнемдеп қолданбасақ, таусылып қалуы мүмкін.
 - Өзен-көлдегі сулар да таусыла ма?
 - Әрине, табиғатты қорғамасақ, олар да таусылады.
- Сондықтан суды қадірлеу керек. Адам аштыққа шыдаса да, шөлге шыдамайды. Мысалы, біз жазда жиі шөлдейміз. Өйткені күн ыстық болады.
- Иә, күн ыстықта суды көп ішеміз. Сондықтан суды үнемдейік. Ал сен суды үнемдейсің бе?

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Диалог бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Ұзінді	Түсініктеме

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Сусыз өмір жоқ» деген тақырыпта көршімен 4-5 сөйлемнен тұратын диалог құр.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Фалымдардың айтуынша, адам ағзасының **70—80** пайызы судан тұрады. Адам ағзасы бір тәулікте шамамен **1,5—2** литр су жоғалтады. Сондықтан адам күніне **2** литр су ішіп отыруы қажет.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Төмендегі есептік сан есімдерден реттік сан есімдер жасап, оларды сөзбен жаз.

3, 7, 15, 21, 27, 33, 35, 45, 78, 102, 207, 506, 342, 398, 486, 674, 982.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Төмендегі суреттер бойынша мәтін құра.



ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді аяқта.

- Сусыз ... жоқ.
- Судың да ... бар.
- Таулы жер ... болмас,
- ... жер құрақсыз болмас.

Қажетті сөздер: сұрауы, бұлақсыз, өмір, сулы.

ЕСТЕ САҚТА!

Суды үнемдеп, қолдану қажет судың да сұрауы бар. Адам аштыққа шыдайды, бірақ суға шыдамайды.

Судың маңызы

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

«Көкжиең-Горизонт»

3—4
САБАҚ

ЖАҢА СӨЗДЕР

тамшы, қоры, тіршілік көзі,
маңызы, қырау


АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Жұмбақты шеш. Жұмбақтан суреттерде кездесетін сөздерді тауып, сөз тіркестерін құрастыр.

Мен сүйікпyn да, мұзбын да,
Тамшысымын жаңбырдың.
Оюланған қыраумын,
Жылымын да, салқынмын.
Шөлдесең кеүіп кенеген,
Мейірінді қандырдым.
Сыйлаймын мен тазалық,
Рақат беріп денене,
Айта қойышы кіммін мен?

(www.bilimdiler.kz сайтынан)



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Оқы. Кестедегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып жаз.

Француз үшқышы, жазушы Антуан де Сент-Экюпери пошта таситын ұшақта қызмет еткен. Ол Тулуза, Касабланка, Аргентина, Оңтүстік Америка, Дакар, Сахарарада ұшақпен пошта тасыған. Ол соғыс кезінде сахара шөлінде біраз уақытын өткізген. Судың маңызын жақсы білген үшқыш: «Сенің дәмің де, түсің де, иісің де жоқ. Сені ешкім де сипаттап бере алмайды. Сенің не еkenінді білмей-ақ, сенен рақат табады. Сенің өмір үшін қандай маңызды еkenінді сөзben айтып жеткізуге болмайды, себебі сен — өмірдің өзісің», — деген болатын.

Сусыз біз өмір сүре алмаймыз. Су біз үшін өте маңызды әрі қадірлі. Сондықтан суды үнемдеп қолданайық, достар!

Кім?	Не?	Қайда?	Қашан?	Не істеді?
Үшқыш	ұшақ	Сахарарада	соғыс кезінде	қызмет істеген

3 -тапсырма.

Сейлемдердің әрқайсына екі сұрақ қой.

Улгі: Судың қадірін жақсы біледі.

Ненің қадірін жақсы біледі?

Судың несін жақсы біледі?

Судың қадірін жақсы біледі. Ол пошта таситын ұшақта қызмет еткен. Судың дәмі де, түсі де, иісі де жоқ. Біз сусыз өмір сүре алмаймыз. Біз суды үнемдеп қолданамыз.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Жоспар құр.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Су — қалыпты жағдайларда сутегі мен оттегінің тұрақтылығын сақтайтын қарапайым химиялық қосылыс. Ол қатты, сұйық және газ сияқты құйде болатын бірден-бір минерал. Су — түссіз, иіссіз, дәмсіз сүйіктық. Су — қабаты 5 метрден асқанда көгілдір түсті болып көрінеді.

Жер бетінің 77,5%-ын су алып жатыр. Су қорына мұхит, теңіз, көл, жерасты сулары жатады. Су атмосферада бұлт, тұман, бу, жаңбыр түрінде болады. Су буға айналады. Будан бұлт пайда болады. Ол жаңбыр, қар, бұршақ болып жерге жауады.

Мұздықтар мен айсбергтер де су болып есептеледі. Адам, өсімдік пен жануарлар денесінің бір бөлігі судан тұрады. Сусыз тіршілік жоқ. Бұкіл жан иесі сусыз өмір сүре алмайды. Жер бетіндегі биологиялық өнімдердің 43%-ын, оттегінің 50%-ын мұхит пен теңіздер береді.

Жер бетінде ішетін су аз. Ол күн сайын азайып барады. Сондықтан суға қамқорлықпен қару керек. Ол біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады.

- Мәтіннен сан есімдерді тауып, сан есімнің қай түрі екенін айт.

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Қате
Су — қалыпты жағдайларда сутегі мен оттегінің тұрақтылығын сақтайтын қарапайым химиялық қосылыс.		
Ол жұмсақ, сұйық және газ сияқты қуиде болатын бірден-бір минерал.		
Су — түссіз, іссіз, дәмсіз сұйықтық.		
Су қабаты 5 метрден асқанда көгілдір болып көрінбейді.		
Су қорына — мұхит, теңіз, көл, жерасты сулары жатады.		
Ол жаңбыр, қар, бүршақ болып жерге жаумайды.		
Мұздықтар мен айсбергтер де су болып есептеледі.		
Адам, өсімдік пен жануарлар денесінің үш бөлігі судан тұрады.		
Жер бетінде ішетін су көп.		
Ол біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады.		

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сан есімдерді қойып жаз.

Ол атасы ... су алуға барды. 2. Арман ...
сыныпта оқиды. 3. Кешке ... киноға
барамыз. 4. Анал дүкеннен ... литр су
әкелді.

Қажетті сөздер: бесінші, бес, екеуі,
төртеуіміз.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Топқа бөлініңдер. Әр топ суға тән белгілерді таңдап алып, дәлелдесін.

Судың белгілері:

- судың пішіні (формасы);
- судың түсі;
- судың дәмі.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

«Сөйлемнің жартысы сенде» ойыны. Бір оқушы тақырып бойынша сөйлемнің ба-сын айтып, келесі балаға доп лақтырады.

Ол сөйлемді ары қарай жалғастырып, аяқтауы тиіс. Сан есімдерді қолданып, тез әрі сауатты сөйлем құраған оқушы жеңімпаз атанады.

ЕСТЕ САҚТА!

Су — түссіз, іссіз, дәмсіз сұйықтық.
Суға қамқорлықпен қарау керек.

Судың пайдасы

5—6
САБАҚ
байдасы

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Судың пайдасын айтып, диаграмманы толтыр.

ЖАҢА СӨЗДЕР

пайда, ас қорыту, тасымалдау, жарақаттану, сауықтыру, тәбеті болмау



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, шағын мәтін құра.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Түсінгеніңді баянда.

Адам ағзасына судың көп пайдасы бар. Себебі мидан бастап асқазанға дейінгі барлық мүше суды қажет етеді. Сондықтан күнде таңертең су ішу керек. Дәрігерлер судың тәмендегідей пайдасын атап көрсетеді:

- дene температурасын тұрақты ұстап тұр;
- оттегі тасымалдайды;
- бүйрек пен бауырдағы қалдықтарды (шлак) тазалайды;
- дәрумен мен минералдарды таратады;
- денені жарақаттанудан қорғайды;
- жасушалар мен бұлшықеттерді біріктіреді;
- тері жасушаларын ылғалдандырып, сауықтырады.

Су ас қорытуға жақсы көмектеседі. Ересек адамның денесінде 40-50 литр су болады. Қанның 83%, бұлшық еттердің 75%, мидың 74%, сүйектердің 22% судан тұрады. Денеде 20% су жетіспесе, адам өміріне қауіп төнеді. Адам қажет мәлшерде су ішпесе, миының жұмысы баяулайды. Қан қоюланады. Жүрек көп жұмыс істеуге мәжбүр болады. Іші қатады. Адамның басы айналып, ауырады. Тез шаршап, әлсіздік пайда болады. Тамақ ішуге тәбеті болмайды.

Адам тұмаумен ауырғанда, биік жерлерде болғанда, күн ыстықта көп су ішүі қажет.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір. Сөйлем құра.

1	адам	а	мүше	1	күнде	а	ауырады
2	судың	ә	ішу керек	2	оттегі	ә	болады
3	барлық	б	ағзасы	3	қалдықтарды	б	ауырғанда
4	қажет	в	температурасы	4	қауіп	в	таңертең
5	су	ғ	қорғайды	5	мәжбүр	ғ	тасымалдайды
6	дене	ғ	өмірі	6	басы	ғ	жасушалары
7	жарақаттанудан	д	пайдасы	7	тұмаумен	д	төнеді
8	адамның	ж	етеді	8	тері	ж	тазалайды

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Жақшадағы сөздердің дұрыс нұсқасын таңдап жаз.

Судың адам ағзасына (зияны, пайдасы) зор. Адамның (барлық, кейбір) мүшесі суды қажет етеді. (Ай сайын, күнде) су ішу керек. Су бүйрек пен бауырдағы қалдықтарды (тазалайды, тазаламайды). Адам қажет мөлшерде су ішпесе (қолының, миының) жұмысы баяулайды.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Бір сәйлемге бірнеше нұсқада сұрақ қой.

Адам ағзасына судың көп пайдасы бар.	Кімнің ағзасына судың көп пайдасы бар?
	Адам ағзасына ненің көп пайдасы бар?
	Адам ағзасына судың қандай пайдасы бар?
Сондықтан күнде таңертең су ішу керек.	
Су тамақты жақсы қорытуға көмектеседі.	
Ересек адамның денесінде 40—50 литр су болады.	
Денеде 20% су жетіспесе, адам өміріне қауіп төнеді.	

ЕСТЕ САҚТА!

Судың пайдасы бар. Ол ас қорытуға көмектеседі. Оттегі тасымалдайды, жарақаттанудан қорғайды, тері жасушаларын сауықтырады.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтінде оқы. Мәтіннен сан есімдерді тауып, қандай сұрақта жауап беретінін айт.

Судың адамға тигізер пайдасы көп. Менің анам күнде таңертең бір стақан суға бал қосып ішеді. Ол — адамның асқазанына пайдалы. Әкем 1,5 литр бұлақтың суын ішеді. Бұлақ суы таза әрі мөлдір. Оның емдік қасиеті бар. Маған суға лимон қосып ішкен ұнайды. Інім екеуіміз күнде 1,5 стақан суға лимон шырынын қосып ішеміз. Лимон қосылған судың құрамында аскорбин қышқылы бар. Ол адамның иммундық жүйесін ығайтады. Сонымен қатар лимон қосылған су қан құрамындағы қантты азайтады. Ағзаға қуат береді.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Судың пайдасы» деген тақырыпта постер дайында.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Көршіде төмендегі сұрақтарды қойып, диалог құр.

— Адам ағзасына судың пайдасы бар ма?

—

— Адамның қай мүшесіне су пайдалы?

—

— Күнде таңертең су ішкен пайдалы ма?

—

— Сен суды көп ішесің бе?

—

— Судың қандай пайдасын білесің?

—

Қазақстан көлдері

7—8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Сурет бойынша мына сұрақтарға жауап бер.



- Мына суреттерде не бейнеленген?
- Бұл сулардың қайсысы ішуге жарамды?
- Сен суреттегі сулардың қайсысын тұтынасың?

2 -тапсырма.

Өзің білетін Қазақстандағы көлдерді диаграммаға жаз.

ҚАЗАҚСТАН КӨЛДЕРІ

БАЛҚАШ

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Мәтінге тақырып қойып, жоспар құр.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Балқаш — Қазақстандағы ең ірі көлдердің бірі. Ол алғашқы дәуірдегі Пятис деген теңіздің қалдығы болып есептеледі. Көл Сарыарқа мен Сарыесік құмдарының аралығында орналасқан.

Соңғы кезде Балқаш көлінің деңгейі 2 м-ге төмендеген. Қазіргі Балқаштың ұзындығы — 614 км, ең терең жері — 26,5 м.

Балқаш көне түркі тілінде «балшық», «балық» деген мағынаны білдірген. Суының деңгейі бірде көбейіп, бірде азайып отырады. Ұзынарал бұғазы Сарыесік пен Балқашты байланыстырады. Соның нәтижесінде көлдің батысында су — тұщы, ал шығысында — ащы. Көлге негізгі суды Іле өзені құяды. Іле өзенінің ұзындығы — 2 385 км. Іле өзенінің басы Қытайдың Текес және Құнгес өзендерінің қосылатын жерінен басталады. Іле өзенінің Қазақстандағы ұзындығы — 740 км. Іле — Жетісу аймағындағы ең ірі өзендердің бірі. «Іле» сөзі моңғол тіліндегі «ил, илә» деген сөзге жақын, яғни «ашық, айқын» дегенді білдіреді.

Іле өзенінің Балқашқа құяр жеріндегі тоғайлыш-батпақты жерлер мемлекеттің қорғауына алынды. Мұнда балықтың сазан, көксерке, ақбалық, ақмарқа т. б. 12 түрі кездеседі.

«Сен білесің бе?» әнциклопедиясынан

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сұрақтарға сән есімдерді қолданып, жауап бер.

1. Сен Қазақстандағы қандай көл/өзендерді білесің?
2. Олар Қазақстанның қай жерлерінде орналасқан?
3. Ол көл/өзендердің ұзындығы қандай?
4. Сенің облысында қандай көл/өзен бар?
5. Ол көл/өзендерге барып көрдің бе?
6. Олардың атының шығу тарихын білесің бе?
7. Олардың ұзындығы мен тереңдігі қандай?
8. Көл мен өзеннің қандай айырмашылығы бар?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, жаз.

Ол ... дәуірдегі «Пятис» деген теңіздің қалдығы болып есептеледі. Соңғы кезде Балқаш көлінің деңгейі 2 м-ге ... кетті. Балқаш ... түркі тілінде «балшық», «балық» деген мағынаны білдірген. Ұзынарал ... Сарыесік пен Балқашты байланыстырады. Себебі көлге ... суды Іле өзені құяды. Іле — Жетісу аймағындағы ... ірі өзеннің бірі. Мұнда ... сазан, көксерке, ақбалық, ақмарқа т. б. 12 түрі кездеседі.

Қажетті сөздер: бұғазы, балықтың, төмендеп, негізгі, ең, алғашқы, көне.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Балқаш — Қазақстандағы (қандай?) көлдердің бірі. Ол алғашқы дәуірдегі (қай?) теңіздің қалдығы болып есептеледі. Соңғы кезде Балқаш көлінің деңгейі (қанша?) төмендеп кетті. Балқаш көне түркі тілінде (қандай?) мағынаны білдірген. (Қай?) бұғазы Сарыесік пен Балқашты байланыстырады. (Ненің?) батысында су — тұщы, ал шығысында — ашы. Іле өзенінің ұзындығы (қанша?). Іле өзенінің (қайда?) құяр жеріндегі тоғайлыш-батпақты жерлер мемлекеттің қорғауына алынды. Мұнда балықтың сазан, көсерке, ақбалық, ақмарқа т. б. (неше?) түрі кездеседі.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, мәтін құра.



АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Қате жазылған сөздерді тап. Себебін дәлелдеп айт.

1. Алматы облысында кішкентай өзендердің сүйнан пайда болған үш көл бар.
2. Олар Көлсай көлтері деп аталады.
3. Жоғарғы Көлсай теңіз деңгейінен 3 000 метрге, орта Көлсай 2 600 метрге, төменгі Көлсай 2 130 метрге жуық биіктікта орналасқан.
4. Алақөл — Алматы және Шығыс қазақстан облыстарінің аралығында орналасқан үлкен көлдердің бірі.
5. Бурабайда биші қайындар өседі.
6. Теңіз көлі Ақмола облысында орналасқан.
7. Зайсан көлінің ұзындығы 100 км-ден асады.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Қазақстан көлдері» деген тақырыпта фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

ЕСТЕ САҚТА!

Балқаш сөзі «балшық» деген мағынаны білдіреді. Ол — Жетісу аймағындағы ірі өзеннің бірі.

Мәтінге қойылатын талаптар:

1. Көлемі — 4-6 сөйлем.
2. Сан есім сөздерді жиі пайдалан.
3. Жаңа сөздерді міндетті түрде қолдан.

Сыңға түзән сыңғың чылы

9 – 10
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

дүниеге келу, жинақ, түсіру,
әмбебап

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақтың қандай ақындары мен жазушыларын білесін?
- Ол кісілердің қандай шығармаларын оқыдың?
- Ол шығармалар саған не себепті ұнады/ұнамады?
- Қазір қандай кітап оқып жатырсын?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Берілген есептік сан есімдерді реттік, топтау, болжалдық сан есімге айналдыры. Осы сан есімдерді қолданып, сөйлем құра.

2, 3, 4, 7, 10, 15, 19, 20, 25, 37, 96, 44, 27, 38, 66, 100, 50, 49, 52, 97.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгенінді баянда. Мәтіндегі сан есімдерге сұрақ қой.

- Әбділда Тәжібаев — ақын, драматург, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Халық жазушысы. Ол 1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қызылордадағы жетім балалар интернатында тәрбиеленіп, Шымкент қаласындағы жетіжылдық мектепті бітірген. Әбділда Тәжібаев Сырдария өзенінің бойында туған. Сырдария — Орталық Азиядағы ірі өзендердің бірі. Сырдария өзені Тянь-Шань бұлақтарынан басталады. Сырдария Арап теңізіне құяды.
- Әбділда Тәжібаев «Сырдария» өлеңінде осы өзен туралы жырлаған. Өзінің еліне, жеріне, Сырдария өзеніне деген ыстық махаббатын өлең арқылы жеткізген.



ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір

Ақпарат	Дұрыс	Қате
Әбділда Тәжібаев — ақын, драматург, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Халық жазушысы.		

Сырдария — Орталық Азиядағы кішкентай өзендердің бірі.		
Сырдария өзені Тянь-Шань бұлақтарынан басталады.		
Өзінің еліне, жеріне деген махаббатын өлең арқылы жеткізген.		
Ол 1909 жылы Семейде дүниеге келген.		

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, семантикалық картаны толтырып.

Сөздер	Зат есім	Сын есім	Етістік
ақын			
ел			
драматург			
бұлақ			
жетім			
туған			
өзен			
ыстық			
ірі			
осы			
жырлаған			
өлең			
жер			

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіндегі сан есімдерді тауып, оларды сөзбен жаз.

Сырдария өзені Орталық Тянь-Шань жоталарынан басталады. Ол Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан арқылы өтіп, Қазақстандағы Арал теңізіне құяды. Сырдария өзенінің ұзындығы — 2 219 км. Қазақстандағы ұзындығы — 1 400 км. Өзен бойында ежелгі қалалардың орны бар. Соның бірі — XIX ғасырда салынған көне Қызылорда қаласы.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Диалогті толықтырыңдар.

- Әбділда Тәжібаев — ақын, ... ба?
- Иә, ол кісі
- Әбділда Тәжібаев қай жылы ... ?
- Әбділда Тәжібаев 1909 жылы
- Ол қай жерде туған?
- Ол
- Ол қандай өлең жазған?
- Ол ... деген өлең жазған.
- Ол «Сырдария» өзені туралы жырлаған.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Әбділда Тәжібаев» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты **бір** зат есім.
2. Бірінші зат есімге қатысты **екі** сын есім.
3. Бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын **төрт** кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

ЕСТЕ САҚТА!

Ақынның көптеген драмалық шығармалары бар. Әбділда Тәжібаев атында кітапхана бар.

Сырдың сұлу өзені

11 – 12
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Қазақстанның өзен-көлдері туралы қосымша ақпаратты тауып, кестені толтыр.

Өзен-көл атауы

Балқаш көлі

Сырдария көлі

ЖАҢА СӨЗДЕР

әлдилеу, жырлау, ел аласы, құшақ, жасару, ақ шаш түспеу, қол жетпеу, қайрат, тең болу

Мәлімет

Балқаш — Қазақстандағы ірі өзендердің бірі.

Сырдария өзені Арал теңізіне құяды.

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суреттегі адамдар туралы не білесің? Айтып бер.



Александр Сергеевич Пушкин



Генрих Гейне

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Сан есімдерді тауып, сөзбен жаз.

Рейн — Батыс Еуропадағы ең ірі өзендердің бірі.

Оның ұзындығы — 1 320 км. Өзен арқылы жылына 100 млн. тоннадай жүк тасымалданады. Ол Швейцария, Франция, Германия, Нидерланд, Австрия жерлерінен өтіп, Солтүстік теңізге құяды. Рейн өзенімен круиз жасауға болады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Өлеңді тыңда. Мәнерлеп оқы. Түсінгеніңді айт.

Білем сені, сүйем сені,
Сырдың суы — қарт анам!
Сенсің мені әлдилеген,
Туған сенен мен балаң.
Сүйсе Гейне анам десе
Сүйген суы — Рейнесін.
Сырдың суы туған ол да
Өз ақынын — Гейнесін.
Жазса Тарас Днепрді,
Жазса Пушкин Еділді,
Неге маған жырламасқа
Сырда туған елімді?!

Ел анасы — менің анам,
Сырдың сұлу өзені.
Қуан, ана, ақыныңың
Келді жырлар кезегі!
Келдім бүгін, көрдім сені,
Сүйсек, міне, маңдайым.
Құшағында отырмын мен
Көріп көзбен ел жайын.
Жасарыпсың, қадірлі ана,
Ақ түспепті шашыңа....
Қарт Днепр — ескі достың
Көремісің айбатын?

Электрі мың моторлы,
Асқан алып қайратын.
Сен де маған, жаным ана,
Днепрдей жарық бер!
Қол жетпеген көк жұлдызын
Құшағыма алып бер.
Сол кезде де, жаным ана,
Өзіңменен тең болам.
Сырда туған сырдың ұлы
Жаңа Гейне мен болам.

(Әбділда Тәжібаев)

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	қарт	а	жырламасқа	1	қарт	а	ана
2	мен	ә	елімді	2	жарық	ә	жұлдызың
3	Сырдың	б	ана	3	бүгін	б	жайын
4	мені	в	балаң	4	құшағында	в	Днепр
5	Өз	ғ	анасы	5	ел	ғ	кезегі
6	маған	ғ	әлдилеген	6	қадірлі	ғ	көрдім
7	туған	д	ақынын	7	көк	д	бер
8	Ел	ж	суы	8	жырлар	ж	отырмын

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Кім қай өзен туралы жырлады?
Мәтінді пайдаланып, сәйкестендір.
Сөйлем құра.

Әбділда Тәжібаев	Днепр
Генрих Гейне	Еділ
Александр Сергеевич Пушкин	Рейн
Тарас Шевченко	Сырдария

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Берілген сөздердің антонимін айт.
Сөйлем құра.

Қарт, сұлу, қадірлі, ақ, ескі

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Қате жазылған сөздерді тап.
Себебін дәлелдеп түсіндір.

1. Білем сені, сүйем сені,
Сырдың сұы — қарт анам.
2. Сенсің мені әлдилеген,
Тұған сенен мен балаңыз.
3. Неге маған жырламасқа
Сырда туған елімді?!
4. Ел анасы — оның анам
Сырдың сұлу өзені.
5. Қуан, ана, ақыныңың
Келді жырлар кезегі!
6. Құшағында отырсың мен
Көріп көзben ел жайын.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді
қойып жаз.

Қарт Днепр, — ... достың
Көремісің
Электрі мың моторлы,
Асқан ... қайратын.
Сен де маған, ... ана,
Днепрдей жарық бер!
Қол жетпеген ... жұлдызын
Құшағыма алып бер.
... кезде де, жаным ана,
Өзіңменен тең болам.
Сырда ... сырдың ұлы
Жаңа Гейне мен болам.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Рөлдік ойын. Бір оқушыны география
пәнінің мұғалімі етіп сайланадар. Ол
Қазақстанның географиялық картасын
пайдаланып, сөндерден теңіз,
көл, өзендер туралы не білетіндерінді
сұрасын. Дұрыс әрі тез жауап берген
бала жеңімпаз атанады.

Қажетті сөздер: айбатын, көк, туған,
жаным, сол, ескі, алып.

ЕСТЕ САҚТА!

А. С. Пушкин Еділ өзені туралы жазған. Рейн өзені ұзын.

Нәмиже сабак. Мен не үйренидім?

13 – 14
САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суды неге «тіршілік көзі» деп атайды? Жауабыңды диаграммаға түсір. Дәлелдеп айт.



ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Су — тіршілік көзі. Адамдар сусыз тіршілік ете алмайды. Су адам үшін ете пайдалы. Сондықтан суды үнемдеп қолдануымыз қажет. Өзен-көлімізді сақтап, ластамауымыз керек. Зауыт, фабрикалардың қалдықтарын өзен-көлге құймауларын қадағалауымыз қажет. Ол — біздің міндетіміз.

- Ал сен қалай ойлайсың?

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.


Семантикалық картаны толтыр.

Мысалдар	Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім	Болжалдық сан есім	Бөлшектік сан есім	Топтау сан есімі
жетеу						
тәрт-тәрттен						
бесінші						
үштен екі						
екі жарым						
алпыс-жетпіс						
екеу						
елу бестерде						
он шақты						
қырық-елудей						
жиырма						
екі бүтін оннан бес						

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Диаграммадағы сөздерді пайдаланып, Әбділда Тәжібаевтың «Сырдария» өзені туралы айтып бер.



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Берілген сөздерден өлең жолдарын құрап жаз.

1	Жазса	Неге	Еділді	жырламасқа
2	Сырда	Пушкин	туған	елімді
3	Ел	маған	Сырдың	өзені
4	Менің	анам	сұлу	анасы

АЙЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Төменде берілген тақырыптардың біреуін таңдап, сол тақырып бойынша көршіңмен диалог құр.

- Сусыз өмір жоқ
- Судың маңызы
- Судың пайдасы
- Қазақстан көлдері

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сыныптастарыңмен суды үнемдеуге байланысты жарнама дайындаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Су — тіршілік көзі» деген тақырыпта эссе жаз.

«Көкжиек-Горизонт» баспасы

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Мақал-мәтеп

Су жүрген жер — береке,
Ел жүрген жер — мереке.
Су бергеннің сауабы бар,
Су төккеннің жауабы бар.



Кітап — бағалы сыйлық,**МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС****АЙТЫЛЫМ****1 -тапсырма.**

Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

дана сөз, дүние жиснамайды, шағын, қызық мәліметтер, ақпарат, бөле, үқыпты ұстай, рұқсатымен, табасың, таппайсың



1. Оқушылар қайда отыр?
2. Олар не істеп отыр?
3. Кітапханаға не үшін келеді?
4. Мектепте кітапхана бар ма?
5. Сен соңғы рет қашан кітап алдың?
6. Ол — қандай кітап еді?

ТІЛДІК БАҒДАР

Болымды және болымсыз етістіктер

Болымды етістік — қимылдың, іс-әрекеттің болғанын, болып жатқанын, болатынын білдіретін етістік. Сондықтан етістік негізгі немесе туынды түбір күйінде болымды мәнді білдіреді. Мысалы: *келді, көріпті, барған екен, бара жастыр* т. б.

Болымсыз етістік — қимылдың, іс-әрекеттің болмағанын, болмай жатқанын, алдағы уақытта болмайтынын білдіретін етістік. Мысалы: *келген жоқ, көрген емес, барма т. б.*

Болымсыз етістіктердің жасалуы


№	Болымды етістіктер	Болымсыз етістік тудыратын жұрнақтар мен көмекші етістіктер	Мысалдар
1		-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе	барма, келме, айтпа, кетпе, сенбе
2		-ған/-ген, -қан/-кен + жоқ	барған жоқ, келген жоқ, айтқан жоқ, кеткен жоқ, сенген жоқ
3		-ған/-ген, -қан/-кен, -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ар/-ер, -мақ/-мек, -пақ/-пек, -бақ/-бек + емес	барған емес, келген емес, айтпақ емес, кеткен емес, сенбек емес
4	<i>Күрделі етістіктер:</i> айтып жүр, сөйлеп қалды, беріп еді	1) жұрнақ негізгі етістікке жалғанады	айт-па-й жүр, сөйле-ме-й қалды, бер-ме-п еді
5	айтып жүр, сөйлеп қой, беріп жібер	2) жұрнақ көмекші етістікке жалғанады	айтып жүр-ме, сөйлеп қой-ма, беріп жібер-ме
6	Ескерту! Болымсыздық форма екі етістікке де (әрі негізгі, әрі көмекші етістікке) жалғанса, ол болымды мәнді білдіреді: <i>айт-па-й қой-ма-ды, жаз-ба-й отыр-ма-ды, сұра-ма-й кет-пе-ди</i> т.б.		

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Етістіктерді тауып, түбір мен қосымшаларды анықта.

Жинама, жыртпа, жазба, айтпа, берме, көрме, жүрме, алма.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтіннен болымды және болымсыз етістіктерді тап. Қою қаріппен жазылған етістіктердің түбірі мен қосымшасын анықта.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Бөлеме кітап сыйладым

«Кітап — білім бұлағы» деген дана сөз бар. Білімнің пайдасын билетін адам дүние **жина-майды**, кітап жинайды. Біздің үйде шағын кітапхана бар. Кітапханада ертегілер, сөздіктер және түрлі энциклопедиялар бар. Мен қызықты мәліметтерді осы кітаптардан оқымын. Мен кітапханадағы барлық кітап тізімін жасадым. Кітаптардың авторларын жаздым, қайда, қашан шыққанын көрсөттім.

Кейде керек ақпаратты тез **таппайсың**. Сондықтан өзіме керек ақпаратты тез табу үшін, түрлі-түсті қағаздардан белгі жасадым.

Кітапханада әкемнің 1-сыныпта оқыған әліппесі болды. Әкем оны туған күніме сыйлады. Бір күні менің бөлем келді. Ол суретті әліппені көріп, қатты ұннatty. Бірақ бұл әліппе мен үшін өте қымбат. Алайда кішкентай бөлемді ренжіктікім **келмеді**. Оның білімге құштарлығын көріп, әкемнің рұқсатымен әліппені бөлеме сыйладым. Бөлеме: «Әліппені таза ұста, **жыртпа!**», — дедім. Бөлем қатты қуанды, кітапты ұқыпты ұстайтын боп сөз берді. Мен оған: «Талабыңа нұр жаусын!» — деп тілек айттым.

Әкемнің әліппесінің құр тұрмай, пайдаға асқанына мен де қуандым.

«Мен оқымын, ойнаймын, ойланамын» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен қажетті сөздерді таңдаң, жаз.

«Кітап — білім бұлағы» деген ... (дана сөз, әдемі сөз, қызық сөз) бар. Білімнің пайдасын білетін адам ... (оныншық жинамайды, дүние жинамайды, киім жинамайды), кітап жинайды. Біздің үйде ... (үлкен, кішкентай, шағын) кітапхана бар. Кітапханада ертеғілер, ... (тамақтар, ыдыстар, сөздіктер) түрлі энциклопедиялар бар. Мен ... (тәтті тағамдарды, газеттерді, қызықты ақпараттарды) осы кітаптардан оқымын. Мен кітапханадағы барлық кітаптың тізімін жасадым. Кейде керек ақпаратты тез ... (таппайың, іздейсің, көресің). Ақпаратты тез табу үшін түрлі түсті қағаздардан белгі жасадым.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Бір сөйлемге әртүрлі сұрақ қой.

Улғи: Білімнің пайдасын білетін адам кітап жинайды.

1. Білімнің пайдасын білетін адам не жинайды?
2. Кітапты қандай адам жинайды?
3. Білімді адам неге кітап жинайды?

«Кітап — білім бұлағы» деген дана сөз бар. Менің кітапханамда әкемнің 1-сыныпта оқыған кітабы болды. Бұл — мен үшін өте қымбат. Әкемнің рұқсатымен әліппені бөлеме сыйладым.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме
Кітапхана	кітап алатын, оқитын жер.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Қою қаріппен жазылған болымсыз етістіктерді болымды етістікке айналдыр.

Кітапханада әкемнің 1-сыныпта оқыған әліппесі **болмады**. Әкем оны туған күніме **сыйламады**. Бір күні менің бөлем **келмеді**. Ол суретті әліппені көріп қатты **ұнатпады**. Әкемнен рұқсат алып, әліппені бөлеме **сыйламадым**.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтінді рөлге бөліп оқындар. Мәтіннің мазмұнын сақтап, өздерің диалог құрындар. Тәмендегі нақылдардың қайсысы мәтіндегі оймен үндеседі?

КІТАП ЕСКІРМЕЙДІ

Бір күні Қожанасыр досына келсе, ол үйін тазалап жатыр екен. Қожа одан:

— Е, достым! Не істеп жатырсың? — деп сұрайды.

— Ә, Қожа екенсің ғой! Мына киім, кітап, қағаздар ескіріп кетіпті. Осыларды өртейін деп жатыр ем, — дейді досы.

— Қой, достым! Киім ескіргенмен, кітап ескірмейді. Кітаптың сырты ескіргенмен, ішіндегі ақылы ескірмейді, — депті Қожанасыр.

- Білімді өлсе, қағазда аты қалар.
- Ұста өлсе, істеген заты қалар.
- Ақыл — тозбайтын тон,
- Білім — таусылмайтын кен.
- Өнер алды — қызыл тіл.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Қажетті сөздерді қойып, нақылдарды толықтырып айт.

- Білім ..., білу
- ... білім жоқ, ... күнің жоқ.
- Кітап — ... қазына.
- Білегі ... бірді жығар,
- Білімі ... мыңды жығар.

Қажетті сөздер: оқусыз, еңбексіз, жақсы, үлкен, әдепті, арзан, қымбат, қорқақ, білімсіз, қымбат, күшті, білімді, оқусыз.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Берілген сұрақтарды пайдаланып, диалог құрындар.

1. Сен үшін қымбат заттар бар ма?
 - сен үшін қымбат ойыншық бар ма?
 - сен үшін қымбат кітап бар ма?
 - сен үшін қымбат киім бар ма? және т.б.
2. Сен кітапты, күнделікті үқыпты ұстайсың ба?
3. Сен қандай уақытта ата-анаңнан рұқсат аласың?
4. Сен далаға шығарда әкеңнен, анаңнан рұқсат аласың ба?

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, жаз.

Қажетті сөздер: үқыпты ұстайтын бол, бөлем, рұқсат алдыым, жыртпа, қуанды.

Менің ... келді. Әкемнен Бөлеме әкемнің әліппесін сыйладым. Бөлеме: «Әліппені үқыпты ұста!» — дедім. Әкемнің әліппесі мен үшін өте қымбат. Бөлем бұл кітапты сөз берді. Бөлем қатты Мен оған: «Талабыңа нұр жаусын!» — деп тілек айттым.



ЕСТЕ САҚТА!

Мен бөлеме кітап сыйладым.
Ол суретті әліппені көріп,
қатты қуанды.

Ұлттық кітапхана

3—4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сен тұратын жерде кітапхана бар ма?
2. Қазақ тілінде қандай кітап алдың?
3. Мектептегі кітапханада оқырмандар бөлмесі бар ма?
4. Сенің көркем әдеби кітаптарды оқитын достарың бар ма?

ЖАҢА СӨЗДЕР

пайды болған, кітап қорында, ең ірі, мемлекет қайраткері, басылым, рухани байлық, ұлттық қойма, қолға беріледі, арнайы жоба, саулет өнері, мәдени ескерткіш, қорғауында

ТІЛДІК БАҒДАР

Болымсыз етістіктің жасалуы

Болымсыз етістік тудыратын жүрнақтар:

- а) -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе
ә) -ған/-ген, -қан/-кен, + жоқ

Мысалдар:

- айтпа, барма т. б.
айтқан жоқ, барған жоқ т. б.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Болымды етістіктерге «жоқ» сөзін тіркестіріп, болымсыз етістікке айналдыры.

Улғи: пайды болған — пайды болған жоқ.

кітап қорында болған —
қағаздарға жазған —
ашылған —
кітап болған —

қалада орналасқан —
басылымдарды жинаған —
қолға берілген —
арнайы жобамен салынған —

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінде оқы. Мәтіннен етістіктерді тап. Болымды, болымсыз етістіктерді анықта. Олардың жасалу жолын түсіндір.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Ең бірінші кітапханалар қашан пайда болған?

Ең бірінші кітапхана осыдан сегіз мың жыл бұрын пайда болған. Ежелгі мысырлықтар папирос қағаздарға жазған. Қазақстанда ең бірінші кітапхана 1883 жылы Семейде ашылған. Кітап қорында 260 том кітап болған.

Қазақстан Республикасындағы ең ірі кітапхана — Ұлттық кітапхана. Ол Алматы қаласында орналасқан. Кітапхана 1931 жылы ашылған. Кітапхананың алғашқы директоры — мемлекет қайраткері Ораз Жандосов. О. Жандосов кітапханаға Қазақстан туралы, қазақ тіліндегі басылымдарды жинаған. Кітапхана — рухани байлықты сақтаушы ұлттық кітап қоймасы. Кітапханаға 1991 жылы «Ұлттық кітапхана» деген ат берілді. Кітапханаға 1 жылда 1 миллионнан астам оқырман келді, 2 миллиондай кітап қолға беріледі. Ұлттық кітапханада 14 оқу залы жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы — әлемдегі ірі кітапханалардың бірі. Ұлттық кітапхананың ғимараты 1971 жылы арнайы жобамен салынған. Ол — Алматы қаласындағы отандық сәулет өнерінің туындысы. Кітапхана — Қазақстандағы тарихи, мәдени ескерткіштердің бірі. Ұлттық кітапхана Мемлекеттің қорғауында.

- Сен қандай кітапханаларды білесің?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Етістіктің түбіріне -ған/-ген, -қан/-кен жүрнақтары мен «жоқ» сөзін тіркестіріп, болымсыз етістікке айналдыр.

Улгі: айттылды — айттыл-ған жоқ

ат берілді —
қолға берілді —
жұмыс істеді —
оқырман келді —

ашуланды —
жинады —
тапты —
ұқыпты ұстады —

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Етістіктерге тиісті жүрнақтарды жалғап, болымсыз етістікке айналдыр.

Ең бірінші кітапхана осыдан сегіз мың жыл бұрын пайда бол... . Ежелгі мысырлықтар папирос қағаздарға жаз... . Қазақстанда ең бірінші кітапхана 1883 жылы Семейде ашыл... . Кітап қорында 260 том кітап бол... .

АЙЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Қате
1	Ең алғашқы кітапхана осыдан сегіз мың жыл бұрын пайда болған.		
2	Ежелгі мысырлықтар папирус қағаздарға жазған жоқ.		
3	Ал Қазақстанда ең бірінші кітапхана 1883 жылы Семейде ашылған.		
4	Ол Алматы қаласында орналасқан жоқ.		
5	Ұлттық кітапхана — Қазақстан Республикасындағы ең кішкентай кітапхана.		
6	Кітапхана 1931 жылы ашылған.		
7	О. Жандосов кітапханаға Қазақстан туралы, қазақ тіліндегі басылымдарды жинаған.		
8	Ұлттық кітапханада 14 оқу залы жұмыс істемейді.		
9	2 миллиондай кітап қолға беріледі.		
10	Кітапханаға 1 жылда 1 миллионнан астам оқырман келмейді.		

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударып, сөйлемдерді толықтыр. Етістіктерді тауып, құрамына қарай талда.

Қазақстандағы (самый крупный) Ұлттық кітапхана 1931 жылы ашылған. Кітапхананың алғашқы директоры (государственный деятель) Ораз Жандосов Қазақстан туралы, қазақ тіліндегі (издание) жинаған. Кітапхана рухани байлықты сақтаушы ұлттық (книжное хранилище). (Библиотека) 1991жылы «Ұлттық кітапхана» деген ат берілді. Кітапханаға 1 жылда 1 миллионнан астам (читатели) келеді. 2 миллиондай кітап (выдается на руку). (Национальной) кітапханада 14 оқу залы (работает).

АЙЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтыр.

Үлгі:



(Кітап) қоры.



-дың ...



-дың...



-дың ...

Үлгі:



Ең ірі (кітапхана).



Үлгі:



(Гүл) пайда болған.



ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен қажетті сөздерді тауып жаз.

Қазақстан Республикасының (ауылдық, халықтық, Ұлттық) кітапханасы — әлемдегі ірі кітапханалардың бірі. Ұлттық кітапхананың ғимараты 1971 жылы (арнайы жобамен, арнайы сызбамен, тапсырыспен) салынған. Ол — Алматы қаласындағы отандық (би өнерінің, айттыстың, сәулет өнерінің) туындысы. Кітапхана — Қазақстандағы тарихи және (мәдени ескерткіштердің, кәсіби, халықаралық) бірі. Ұлттық кітапхана Мемлекеттің (өзінде, қорғауында, сөзінде).

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, диалог құрындар.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан Республикасындағы ең ірі кітапхана — Ұлттық кітапхана. Ол Алматы қаласында орналасқан. Кітапхана — рухани байлықты сақтаушы ұлттық кітап қоймасы. Кітапхана — Қазақстандағы тарихи және мәдени ескерткіштердің бірі.

Iрі кітапханалар

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлемдегі ең ірі кітапхана қай елде орналасқан деп ойлайсың?
2. Iрі кітапханаларда болып көрдің бе?



ЖАҢА СӨЗДЕР

аумағы, қолжазба,
сирек кездесетін, жусық

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Жүптық жұмыс. Әр суретке жазбаша сұрақ дайындаңдар. Диалог құрындар.



Болымсыз етістік тудыратын жұрнақтар мен көмекші етістіктер	Мысалдар
-ған/-ген, -қан/-кен, -атын/-етін, -йтын/-йтін + емес	барған емес, келген емес, айтпақ емес, кетер емес, сенбек емес

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Берілген сөздерді болымсыз етістік тудыратын -ған/-ген, -қан/-кен жұрнақтары мен «емес» көмекші етістігін пайдаланып, болымсыз етістікке айналдырып.

Үлгі: Айт — айтқан емес.

Бар, кел, жүр, көр, отыр, бер, ал, жу, пайда бол, қолға беріл, жина, тап, ұқыпты ұста.

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді оқыңдар.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Iрі кітапханалар

Әлемдегі ең ірі кітапхана — Конгресс кітапханасы. Ол — Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы. Кітапхана Вашингтон қаласында орналасқан. Кітапханада үш ғимарат бар. Кітапхананың аумағы да үлкен. Кітап саны да көп. Кітапханада 32 миллионнан аса кітап қоры бар. Кітаптар 437 тілде жазылған. 61 миллион-дай қолжазба бар.

Әлемдегі екінші ірі кітапхана — Ұлыбритания Ұлттық кітапханасы Лондон қаласында орналасқан. Британдық кітапханада **25 миллиондай** сирек кездесетін қолжазба мен кітап бар. Кітап қоры 150 миллионнан асады.

Әлемдегі ірі кітапханалардың бірі — Ресей Фылым Академиясының кітапханасы. Оны **I Петр 1714 жылы** салдырған. Кітапханада **2 мыңға жуық** кітап болған.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Қате
1	Әлемдегі ең ірі кітапхана — Конгресс кітапханасы.		
2	Ол — Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы емес.		
3	Кітапхана Вашингтон қаласында орналасқан.		

4	Кітапханада үш ғимарат жоқ.		
5	Кітапханада 32 миллионнан аса кітап қоры бар.		
6	Кітаптар 437 тілде жазылған жоқ.		
7	Конгресс кітапханасында 61 миллиондай қолжазба жоқ екен.		

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтінде айтылған кітапханалар туралы ақпаратты салыстыр.

№	Конгресс кітапханасы	Британдық кітапхана	Ресей Ғылым Академиясының кітапханасы
1			
2			

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Бір сөйлемге әртүрлі сұрақ қой.

Ұлыбританияның **Ұлттық кітапханасы Лондон** қаласында орналасқан. Британдық кітапханада **25 миллиондай** сирек кездесетін қолжазба мен кітап бар. Кітап қоры 150 миллионнан асады.

Үлгі:

Сөйлем:

Әлемдегі екінші ірі кітапхана — Британдық кітапхана.

Сұрақ:

1. Әлемдегі екінші ірі кітапхана қай елде орналасқан?
2. Британдық кітапхана — үлкендігі жағынан әлемде нешінші кітапхана?
3. Әлемдегі екінші ірі кітапхана — қай кітапхана?
4. Британдық кітапхана нешінші орында?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Төмендегі үзінді мазмұны бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме
Ресей	Қазақстанға көрші мемлекет.

Әлемдегі ірі кітапханалардың бірі — Ресей Ғылым Академиясының кітапханасы. Оны I Петр 1714 жылы салдырған. Кітапханада **2 мыңға жуық** кітап болған.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Болымсыз етістіктерді тап, жасалу жолдарын түсіндір. Болымсыз етістіктерді болымды етістікке айналдыр.

1. Мен Конгресс кітапханасына барған емеспін. 2. Ол Америка Құрама Штаттарында болған емес. 3. Конгресс кітапханасы — Американың Ұлттық кітапханасы емес. 4. Кітапхана Вашингтон қаласында орналасқан жоқ. Конгресс кітапханасы — әлемдегі ең ірі кітапхана емес. Кітапханада 32 миллионнан аса кітап қоры жоқ. Кітаптар 437 тілде жазылған жоқ.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Суреттер бойынша сұрақ құрастырып, диалог құрындар.



Конгресс кітапханасы



Британдық кітапхана



Ресей Фылым Академиясының кітапханасы

ЕСТЕ САҚТА!

Әлемдегі ең ірі кітапханалар:
Конгресс кітапханасы, Британдық кітапхана, Ресей Фылым Академиясының кітапханасы.

Абай. Ғылым таппай мақтанба

7–8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Төмөндегі сұрақтарға жауап бер.

1. Абай Құнанбаев туралы не білесің?
2. Абайдың қандай шығармаларын оқыдың?



Абай Құнанбаев

ЖАҢА СӨЗДЕР


мақтанба, қашық бол, асық бол, адам болу, өсек, өтірік, мақтаншақ, бекер мал шашпақ, бес дүшпан, талап, терең ой, қанагат, рақым, асыл іс

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Диаграмманы толтыр.

Абай — қазақтың ұлы ақыны, философ. Абай Құнанбаев (Ибраһим) қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Ол кішкентай кезінен зерек болған. Абайды әжесі — Зере тәрбиелеген. Шешесі — Үлжан ақылды ананың бірі болған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы ел басқарған. Абайдың «Қыс», «Күз», «Жаз» атты өлеңдері бар.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерді қазақ тіліне аудар.

Бабушка Зере звала любимого внука Абаем. Имя Абай означает **«космопротивный, осторожный, миленький»**. С тех пор и окружающие стали так же обращаться к мальчику, а настоящим именем, по сути, его никто не называл.

<http://www.abay.nabrk.kz>

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Өлеңді жатта. Болымсыз етістіктерді тап. Өлеңді жатта.

МЕТИНМЕН ЖҰМЫС

ФЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА



Фылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып, шаттанба,
Ойнап босқа құлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз.

Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой —
Бес асыл іс, көнсеңіз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Берілген сөздердің түбірін тап, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Болымсыз етістіктерді болымды етістікке айналдырыңдар.

Баптанба —
Шаттанба —
Құлме —

Асық болма —
Мақтанба —
Қашық болма

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Өлеңді тағы бір рет оқы. Төменде берілген сөздерден жақсы адам болу үшін қажет сөздерді тауып, жауап бер.

Жақсы адам болу үшін неден
қашық болу керек?

Жақсы адам болу үшін неге
асық болу керек?

өсек, талап, өтірік, еңбек,
мақтаншақ, еріншек, терең ой,
қанағат, бекер мал шашпақ,
рақым

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Сөйлемді өлең жолдарымен салыстырып, қазақ тіліне аударындар.

Чтобы стать (хорошим) человеком, нужно быть подальше от сплетен, от вранья, от хвастовства, от лени, от расточительства.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Ғылым таппай мақтан.		
2	Бес нәрседен қашық бол.		
3	Бес нәрсеге асық болма.		
4	Адам болам десеніз.		
5	Бес дүшпаның: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.		

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Өлеңді оқындар. Абай айтқан бес жақсы нәрсе мен бес жаман нәрсені анықтаңдар.

Бес жақсы нәрсе

Бес жаман нәрсе

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Абай адам болудың қандай шарттарын айтады?

ЕСТЕ САҚТА!

Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой — бес асыл іс, көнсөніз.

Нәтиже сабак. Мен не үйренидім?

9—10
САБАҚ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Мәтінді оқып, әр сөйлемге сұрақ қой. Қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір.

Ұлттық кітапхананың **кітап қорында** Абайдың **қолжазбалары** бар. Абай **дана сөздерінде** жақсы адам болудың жолын айтқан. Ұлы Абай неден **қашық болу керек** екенін айтқан. Абайдың шығармалары — **рухани байлық**. Ұлттық **кітапханада** басқа да **сирек кездесетін қолжазба** көп. Ұлттық кітапханаға **оқырман** көп келеді.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Абай айтқан бес асыл іс қандай?
2. Абай айтқан бес дүшпан — не?

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Абай айтқан бес жаман нәрсені болымсыз етістік формасында жаз.

Бес жаман нәрсе: өсек, етірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.

Үлгі: өсек айтпа, ..., ..., ,

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Өзіңнің кітапханаға барғаныңды сипаттап, шағын мәтін жаз. Мәтінде болымды және болымсыз етістіктерді пайдалан.

Болымды ет.

Мен кітапханаға бардым. ..., ..., .

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Төрт елдің Ұлттық кітапханалары туралы мәлімет тауып, торға жазыңдар. Салыстырмалы кесте жасаңдар. Сол жауаптарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы	Ресей Фылым Академиясының кітапханасы	Ұлыбританияның Ұлттық кітапханасы	Америка Құрама Штаттарындағы Конгресс кітапханасы
...

Мазмұны

1. ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

1—2 сабақ. Қазақ отбасының дәстүрлері	4
3—4 сабақ. Атам төрде отырады	9
5—6 сабақ. Табалдырықты баспа!	12
7—8 сабақ. «Тоқта, ботам! Атаң келеді артында...»	15
9—10 сабақ. Атам бата береді.....	19
11—12 сабақ. Әкеліңіз, көмектесейін!.....	22
13—14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	24

2. МЕКТЕП ӨМІРІ. ӘДЕПТІ БАЛА — АРЛЫ БАЛА

1—2 сабақ. Менің мектебім	26
3—4 сабақ. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті екінші қабатта	30
5—6 сабақ. Сүйікті жазушы	33
7—8 сабақ. Қожа — әдепті бала	37
9—10 сабақ. Жанар — ақылды қыз.....	41
11—12 сабақ. Қожа мектепте	44
13—14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	48

3. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАН-ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

1—2 сабақ. «Қызыл кітап»	51
3—4 сабақ. Қызғалдақты сақтайық!	54
5—6 сабақ. Қасқыр мен тиін.....	56
7—8 сабақ. «Қазақстан барысы» (мультифильм негізінде)	62
9—10 сабақ. Тұлқі мен қырғауыл.....	66

11—12 сабақ. Тауды мекендейтін аң-құс	69
--	----

13—14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	72
---	----

4. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТІ

1—2 сабақ. Көшпелілер туралы түсінік	74
3—4 сабақ. Көшпелілер — жауынгер халық.....	79
5—6 сабақ. Тұмар (Томирис) туралы аңыз .	83
7—8 сабақ. Аңыз патшайым.....	86
9—10 сабақ. Алтын адам	89
11—12 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	93

5. СҰ — ТІРШІЛІК КӨЗІ

1—2 сабақ. Сусыз өмір жоқ	94
3—4 сабақ. Судың маңызы	97
5—6 сабақ. Судың пайдасы.....	100
7—8 сабақ. Қазақстан көлдері.....	103
9—10 сабақ. Сырда туған сырдың ұлы	106
11—12 сабақ. Сырдың сұлу өзені.....	108
13—14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	111

6. ӘЛЕМДЕГІ ИРІ КИТАПХАНАЛАР

1—2 сабақ. Кітап — бағалы сыйлық.....	114
3—4 сабақ. Ұлттық кітапхана	119
5—6 сабақ. Ирі кітапханалар	123
7—8 сабақ. Абай. Ғылым таппай мақтанба	127
9—10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	130

<p>Оқу басылымы</p> <p>Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева</p> <p>Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек Оқулық 1-бөлім</p> <p>Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған</p> <p>Әдіскер Б. Қ. Мукеева Редактор Г. Қ. Омарбекова Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина Фотосуретші П. Михеев Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова Техникалық редактор Д. К. Тынбаев Беттеуші Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай</p> <p>13.02.20 басылымға жіберілді. 60×90% форматы. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 14.5 Қосымша таралымы 10 000. «Реформа» ЖШС-нде басылған.</p> <p>«Көкжиең-Горизонт» ЖШС, 050022, Алматы қ., Сейфуллин д., 597 А үй тел. +7 (727) 220 76 60 www.kokziek-gorisont.com</p>	<p>Учебное издание</p> <p>Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даuletбекова, А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова, К. С. Жайлаубаева</p> <p>Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек Учебник Часть 1</p> <p>Для 5 класса 11-летней общеобразовательной школы с неказахским языком обучения</p> <p>Методист Б. К. Мукеева Редактор Г. К. Омарбекова Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина Фотограф П. Михеев Дизайн обложки Д. Н. Буксикова Технический редактор Д. К. Тынбаев Компьютерная верстка Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай</p> <p>Подписано в печать 13.02.20. Формат 60×90%. Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная. Усл. печ. л. 14.5 Дополнительный тираж 10 000. Отпечатано ТОО «Реформа»</p> <p>ТОО «Көкжиең-Горизонт», 050022, г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А тел. +7 (727) 220 76 60 www.kokziek-gorisont.com</p>
--	--